

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ
БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ
ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕУ**

Әдістемелік нұсқаулық

Алматы 2024 ж.

УДК 376
ББК 74.3
М 41

Ұсынылған және мақұлданған: Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде (№46 хаттама, 14 ноябрь 2024 ж.)

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті (07-1-07-4/1225-И 18.02.2025) қолдануға бекітіліп, ұсынылды.

Рецензенттер:

Байтурсынова А.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі.

Каршигабекова А.Х., Алматы қаласы №58 бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі.

Құрастырушылар:

Баймуратова А.Т. – мектепке дейінгі арнайы және инклюзивті білім беру зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Самиева Г.Б. – мектепке дейінгі арнайы және инклюзивті білім беру зертханасының әдіскері.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарлама әзірлеу: әдістемелік нұсқаулық / Баймуратова А.Т., Самиева Г.Б. – Алматы, 2024. – 71 б.

ISBN 978-601-14-0301-6

Бұл әдістемелік нұсқаулықта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке даму бағдарлама мен психологиялық-педагогикалық қолдау процесінің өзара байланысы қарастырылады. Баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін жеке тәсілдің маңыздылығы атап өтіледі.

Нұсқаулық мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиешілер мен инклюзивті білім беру мамандарына, сондай-ақ педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне арналған.

УДК 376
ББК 74.3

ISBN 978-601-09-14-0301-6

© АИБД ҰҒПО, 2024
© Баймуратова А.Т., Самиева Г.Б., 2024

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1. Мектепке дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке бағдарлама әзірлеу негізгі ұғымдары мен тәсілдері	7
2. Жеке даму бағдарламалары мен психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінің өзара байланысы: табыстың негізгі факторлары	11
3. Балабақшада ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау деңгейі	13
4. Тәрбиешілердің қатысуымен қолдаудың бірінші деңгейінде баланың жеке даму картасын рәсімдеу және бейімдеу тәртібі	16
5. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың екінші деңгейіне ауысу шарттары	25
6. Екінші деңгейдегі психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын әзірлеу және енгізу тәртібі	27
7. Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес ұсынымдары негізінде үшінші деңгейде қолдаудың бағдарламасын бейімдеу тәртібі	36
Қорытынды	40
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	41
Қосымша 1. Психикалық дамуы тежелген 4 жастағы баланың жеке даму картасының үлгісі, жалпы сөйлеу тілінің бұзылыстары бар 3 жастағы баланың жеке даму картасының үлгісі	43
Қосымша 2. Мектепке дейінгі ұйымдағы баланың жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасының үлгісі	47
Қосымша 3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға арналған жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын толтыру бойынша ұсынымдар	58

КІРІСПЕ

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Бұл санаттағы балалар ерекше тәсілді талап етеді, өйткені олардың физикалық, психикалық және сенсорлық ерекшеліктері жалпы білім беру процесіне қатысуын қиындатуы мүмкін. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда осындай балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін дамыту – басым міндеттердің бірі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың физикалық, когнитивтік, сөйлеу, эмоциялық және әлеуметтік дамуының негіздері қаланады, сонымен қатар жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Осы кезеңде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің маңызы зор, өйткені ол баланың білім алуына және ортаға бейімделуіне ықпал етеді.

Алайда 2022 жылы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы жүргізген талдау көрсеткендей [1], Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдарға баратын ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар әлі де тәрбие мен оқытудағы қиындықтарға кездеседі. Бұл көбінесе жеке тәсілдің жеткіліксіздігіне байланысты, нәтижесінде балалар мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын толық меңгере алмайды. Кейбір жағдайларда бұл олардың қоғамнан оқшаулануына және инклюзивті ортадан шығуына әкелуі мүмкін. Көптеген мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтер балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеретін жеке бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға дайын емес. Бұл жағдай инклюзивті білім беру саласындағы әдістемелік қолдауды күшейту және тәрбиешілердің кәсіби деңгейін арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке бағдарлама әзірлеу, олардың білім алуы мен дамуына тең жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама баланың ерекше қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, білім беру процесіне тиімді қосылуын қамтамасыз етуі тиіс. Мүмкіндігі шектеулі балалар қоршаған әлемді қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, стандартты білім беру бағдарламаларынан тыс арнайы тәсіл қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде жеке бағдарлама әзірлеу түзету-педагогикалық қолдаумен тығыз байланысты. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың дамуы мен түзету процесі өзара байланысты, бұл психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарламасын (әрі қарай – ППҚ ЖБ) енгізу қажеттігін негіздейді. ППҚ ЖБ әдістемелері мен тәсілдері балалардың

жалпы дамуы мен түзету жұмыстарына кешенді көзқарас қалыптастырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін ұйымдастыруда "Қазақстан Республикасында білім беруді психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары" маңызды құжат болып табылады. Бұл қағидалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен бекітілген [2]. Олар мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді реттейді. Осы ережелерді сақтау ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, олар үшін лайықты білім беру жағдайларын жасауға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта бұл ережелер білім беру жүйесінде жетілдіру кезеңінен өтуде. Дегенмен олардың негізгі қағидааттары өзектілігін сақтап, психологиялық-педагогикалық қолдау практикасында қолданылуда. Бұл әдістемелік ұсыныстар қазіргі қолданыстағы принциптер мен талаптарға негізделгендіктен, олар өз маңыздылығын сақтап, білім беру ұйымдарында ерекше қажеттіліктері бар балаларға кешенді қолдау көрсету үшін қолданылып келеді.

Әдістемелік нұсқаулықтың мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдардағы ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жеке бағдарламасын (ППҚ ЖБ) әзірлеуде әдістемелік көмек көрсету. Бұл мақсат осы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеретін жүйелі және тиімді қолдау құралының қажеттігімен анықталады. ППҚ ЖБ тек тәрбие мен оқыту процесін, баланың жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге ғана емес, сонымен қатар сүйемелдеуге қатысатын мамандардың үйлесімді және дәйекті жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Негізгі міндеттері:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке бағдарлама әзірлеудің негізгі ұғымдары мен тәсілдерін анықтау;

2) жеке даму бағдарлама мен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесінің өзара байланысын, олардың синергетикалық әсерін ашу ;

3) мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған психолого-педагогикалық қолдау деңгейлерін анықтап, әр деңгейдің ерекшеліктерін сипаттау.

4) тәрбиешілердің қатысуымен қолдаудың бірінші деңгейінде баланың жеке даму картасын рәсімдеу және бейімдеу тәртібін әзірлеу.

5) тәрбиешілер мен мамандарға арналған критерийлер мен ұсыныстарды қоса алғанда, қолдаудың екінші деңгейіне өтудің шарттарын анықтау.

6) балабақша мамандарының қатысуымен қолдаудың екінші деңгейінде жеке қолдау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру алгоритмін қалыптастыру.

7) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің ұсыныста-

ры негізінде қолдаудың үшінші деңгейінде жеке бағдарламасын бейімдеу тәртібін айқындау.

Бұл әдістемелік нұсқаулық 2019-2020 жылдары Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы әзірлеген "Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық - педагогикалық қолдауды ұйымдастырудың әдістемелік негіздері"[3] және "Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау"[4] атты әдістемелік ұсынымдарымен сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында дайындалған. Бұл ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды түзету-педагогикалық қолдау және қолдау саласындағы бірізділік пен сабақтастықты қамтамасыз етеді, сонымен қатар, бұл тәсіл мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді кеңейту үшін негіз қалайды, соның ішінде жеке бағдарлама, әдістемелік материалдар мен құралдарды әзірлеу, бұл педагогтарға ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуде көмек көрсетеді [5].

Бұл әдістемелік нұсқау 2022 жылы АИБД ҰҒПО тарапынан әзірленген «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарда психолого-педагогикалық қолдау» әдістемелік нұсқаулардың үшінші бөлігі болып табылады [1] және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері мен мамандарына, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен тәрбие мен оқыту процесі аясында жеке жұмыс жүргізетін мамандарға арналған. Оқу құралы психолого-педагогикалық қолдау бойынша жеке бағдарламаларды әзірлеу және енгізу үшін әдістемелік нұсқаулар мен практикалық құралдарды қамтиды, сондай-ақ, осы санаттағы балаларды білім беру ортаға тиімді интеграциялауға ықпал етеді.

1. ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМА ӘЗІРЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған мектепке дейінгі жастағы жеке бағдарлама әзірлеу — бұл арнайы білім беру мен түзету-педагогикалық қолдаудың тұжырымдамаларын, тәсілдерін және принциптерін терең түсінуге негізделген күрделі әрі шығармашылық процесс. Бұл процесс кешенді және көп қырлы тәсілді талап етеді, өйткені оның мақсаты — әр баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жан-жақты дамуын және сәтті әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету.

Жеке бағдарлама әзірлеу кезінде осы санаттағы балалар үшін негізгі түсініктер мен тұжырымдамаға сүйену маңызды. Мұндай тәсіл қажеттіліктерін тереңірек түсінуге, дамуға негізделген тәсілді құруға және оқу мен бейімделу процесінің әр кезеңінде тиімді қолдау көрсетуге көмектеседі.

Ең маңызды түсініктер — «жеке даму бағдарлама» және «психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарлама». Жеке даму бағдарлама баланың жалпы дамуына және оның сәтті бейімделуі және тәрбие мен оқытуы үшін қажетті әртүрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарлама баланың оқытуы мен дамуы үшін арнайы жағдайлар жасауға бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды. Екі бағдарлама да ұқсас мақсаттарға бағытталғанымен, олардың басымдықтары әртүрлі. ППҚ ЖБ түзету және қолдау мәселелерін кең ауқымда қамтиды.

Жеке бағдарлама әзірлеуде келесі маңызды түсінік — «мүмкіндігі шектеулі бала». Бұл термин психофизикалық бұзылулар салдарынан әртүрлі физикалық, танымдық, сөйлеу, эмоциялық немесе әлеуметтік қиындықтарды бастан кешіретін балаларға қолданылады. Бұл қиындықтар олардың өз құрдастарына қарағанда оқуға және дамуға деген қабілеттерін шектеуі мүмкін.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың қиындықтарын жеке бағдарлама әзірлеу кезінде ескеру тек білім беру мүмкіндіктерін теңдестіру қажеттілігімен ғана емес, сонымен қатар әр баланың ерекше әлеуетін мойындаумен де байланысты. Бұл тәсіл баланың жеке тұлғасына құрметпен қарауға негізделген және оның тәрбие мен оқутуды мен дамуын барынша қолдайтын жағдайлар жасауға бағытталған.

«Шектеулі мүмкіндіктерді жіктеу» деген түсінік мектепке дейінгі жаста балалардың қажеттіліктерінің әртүрлілігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және тәрбие-оқыту процесін ұйымдастыру мен коррекциялық-педа-

гогикалық қолдауға бағытталған нақты тәсілді қамтамасыз етеді. Әрбір баланың шектеулеріне және күшті жақтарын ынталандыруға сәйкес келетін әдістер мен тәсілдерді таңдай отырып, жіктеу бұзылу түрлері (физикалық, танымдық, сөйлеу және т.б.) мен олардың баланың дамуына әсер ету дәрежесіне қарай бөлуді қамтиды.

Жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде "мүмкіндігі шектеулі балаларға мектепке дейінгі білім берудің ерекшеліктері" ұғымына баса назар аудару білім беру және ойын ортасын бейімдеу үшін маңызды болып табылады. Бала физикалық, танымдық, эмоциялық және әлеуметтік қажеттіліктерін ескере отырып, барлық тәрбие-оқыту процесінің аспектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайларды жасау маңызды.

Біріншіден, білім беру ортасын бейімдеу материалды ұсынудың мазмұны мен әдістеріне өзгерістер енгізуді білдіреді. Мысалы, көру қабілеті бұзылған балалар үшін тактильді материалдар қолданылуы мүмкін, ал есту қабілеті бұзылған балалар үшін – көрнекі оқыту құралдары. Екіншіден, ойын ортасы да баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, түзетілуді талап етеді. Бұл моторика, коммуникативті немесе танымдық дағдыларды дамытуға бағытталған дамытушы ойындарды қолдануды, сондай-ақ балалардың еркін қозғалып, басқа балалармен бірдей іс-шараларға қатысуына мүмкіндік беретін кедергісіз физикалық ортаны құруды қамтуы мүмкін.

Ақтуалды түсініктерді түсінумен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар мектепке дейінгі балаларға арналған жеке бағдарламаларды әзірлеу әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолданылатын әртүрлі тұжырымдамалар мен әдістемелерді пайдалану қажет. Бұл категориядағы балалардың білім беру ортасы мен жеке қажеттіліктеріне бейімделуге қабілеттілігі мен тиімділігін дәлелдеген тұжырымдамаларды қарастырайық.

Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін ерте диагностикалау және бағалау жеке бағдарламаны әзірлеу контекстінде психолого-педагогикалық қолдаудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Бұл мамандарға оқыту үшін ең тиімді стратегияларды анықтауға және баланы дамыту процесіне тартуға мүмкіндік береді. Ерте диагностика дамуында кідіріске әкелетін мәселелерді уақытында анықтауға және коррекциялық іс-шараларды бастауға көмектеседі.

Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудан кейін жеке бағдарлама әзірленеді, ол оқыту мақсаттарын, әдістерін және арнайы білім беру ресурстары мен технологияларын қолдану жөніндегі ұсыныстарды қамтиды. Бағдарлама сондай-ақ баланың дамуының динамикасына негізделген тұрақты мониторингті және түзетуді қарастырады.

Дамытуға бағытталған оқыту баланың ересектер мен құрдастарымен өзара әрекеттесуі арқылы дамуын ынталандыратын оқыту тапсырмаларының маңыздылығын көрсетеді. Оқыту табысы баланың жақын даму ай-

мағында жұмыс істеуге байланысты, бұл жеке бағдарламаның мазмұнын анықтайды (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, Р.Е. Левина және басқалар). Баланың сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды енгізу және оқытуға деген мотивацияны қамтамасыз ететін ойын әдістерін қолдану қажет.

Сенсорлық интеграция баланың сенсорлық стимулдарға деген қабылдау, өңдеу және жауап беру негіздерін қамтиды (А.Ж. Айрс, В. Данн, К. Крановиц, Л.Д. Миллер, П. Вилбаргер және басқалар). 1960 жылдары доктор А. Жан Айрс әзірлеген бұл тұжырымдама ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға күнделікті тапсырмаларды тиімді орындауға және іс-шараларға қатысуға мүмкіндік береді. Бұл олардың тәуелсіздігі мен әлеуметтік бейімделуіне ықпал етіп қана қоймай, оқу процесіне де, жалпы психоэмоционалдық жағдайына да оң әсер етеді.

Монтессори терапиясы итальяндық педагог Мария Монтессори әзірлеген арнайы оқыту материалдары мен ойындарды қолданады. Бұл тәсіл баланың моторикасын, сенсорлық дағдыларын, тәуелсіздігін және танымдық қабілеттерін ойын түрінде дамытуға көмектеседі, оқыту процесін қызықты және қолжетімді етеді. Монтессори терапиясының элементтерін жеке бағдарламаға енгізу баланың оқуға және өзін-өзі дамытуға деген табиғи ұмтылысын ынталандыратын орта жасауға мүмкіндік береді.

Арт-терапия — бұл шығармашылық арқылы балалардың эмоционалдық және психологиялық жағдайын қолдауға бағытталған маңызды компонент. Бұл тәсіл әртүрлі өнер түрлерін: сурет салу, мүсін жасау, музыка, театр және би арқылы моторика, сенсорлық дағдылар мен қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Арт-терапия балаларға өз сезімдері мен ойларын білдіруге мүмкіндік береді, бұл әсіресе ауызша қарым-қатынас жасауда қиындықтар туындайтын балалар үшін маңызды.

Негізгі стимуляция, неміс педагогы Андреас Фрелих ұсынған, баланың негізгі сенсорлық қажеттіліктерін тактильді және вестибулярлы ынталандыру арқылы қолдауға бағытталған. Бұл әдіс баланың әртүрлі сенсорлық тәжірибелерге жауап беріп, оларды зерттеуіне мүмкіндік беретін қауіпсіз және ынталандырушы ортаны құруға бағытталған. Бұл әдіс ауыр және көпсалалы бұзылыстары бар балалар үшін тиімді.

Ойын арқылы оқыту балалардың оқу мен дамуын ынталандыратын табиғи механизм ретінде ойынды қолданады. Ойын арқылы балалар басқа адамдармен өзара әрекеттесуді үйренеді, сонымен қатар эмпатияны және топта жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін бұл өте маңызды, себебі ойын әлеуметтік дағдыларды меңгеруге арналған қауіпсіз орта бола алады. Ойын танымдық дамуды ынталандырады, соның ішінде қиял, ойлау және коммуникативтік дағдыларды дамытуды қамтиды. Ойын тапсырмалары мен жағдайлары балаларға

зерттеу, тәжірибе жасау және шешімдер қабылдау мүмкіндігін береді, бұл ойлау мен танымдық белсенділікті дамытуға ықпал етеді. Ойын балаларға өз сезімдерін білдіруге және эмоциялық күйзелістермен күресуге көмектеседі. Ойын процесінде балалар түрлі эмоцияларды сезініп, оларды реттеуді үйренеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін бұл өте құнды, себебі ойын оларға өздерін қажетті және табысты сезінуге мүмкіндік беретін орта ұсынады. Ойын іс-әрекеті сондай-ақ физикалық дамуға ықпал етеді, оның ішінде моторика, координация және қабылдау. Ойын арқылы физикалық белсенділік балалардың қозғалыс дағдыларын және жалпы физикалық дайындығын жақсартуға мүмкіндік береді.

Жеке тәсіл, білім беру бағдарламасы әр баланың қабілеттері, қызығушылықтары, оқу стилі және даму деңгейі сияқты жеке ерекшеліктерін ескеруі керек деп болжайды, ол баланың дамуы мен қажеттіліктеріндегі динамикалық өзгерістерге икемді және бейімделген болуы керек (Л.С. Выготский, Ж.Пиаже, Б.Рогова, М.Монтессори және басқалар). Дифференциалды тәсіл жеке тәсілді толықтырып, әртүрлі оқыту әдістерін және бейімделген тапсырмаларды ұсынады, бұл ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға білім беру мақсаттарына түрлі жолдармен және әртүрлі қарқынмен қол жеткізуге мүмкіндік береді (К.Э. Томлинсон, Б.Блум және басқалар). Дифференциалды тәсіл тек ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдауға ғана емес, сондай-ақ топтағы әр баланың дамуын ынталандыруға бағытталған.

Кешенді тәсіл баланың толыққанды қабылдануына негізделген, ол тек білім беру қажеттіліктерін ғана емес, физикалық денсаулығын, эмоционалды жағдайын, әлеуметтік дағдыларын және отбасылық ортаны да ескереді. Бұл баланың барлық даму аспектілері бойынша үйлестірілген көмек жүйесін құруға ықпал етеді.

Пәнаралық тәсіл түрлі профильді мамандардың балаларға кешенді қолдау бағдарламасын жасау үшін бірлескен жұмысына негізделеді. Педагогтар, психологтар және ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қолдау жүйесін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Отбасылық бағдарланған тәсіл мамандар мен отбасының арасындағы өзара әрекеттесу мен ашық қарым-қатынастың маңыздылығын атап көрсетеді, бұл баланың дамуына қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде этикалық және кәсіби аспектілерді ескеру маңызды. Осы контексте баланың мүдделері мен мүмкіндіктері басымдылыққа ие болып, оның жеке қажеттіліктері білім беру стратегияларын анықтауда ескеріледі. Баланың жеке басын құрметтеу негізіндегі тәсіл баланың даму бағдарламасын жоспарлау, талқылау және шешімдер қабылдау процесіне оның отбасын тартуды көздейді. Мұндай ынтымақтастық баланың жеке ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ отбасы-

ның қолдауын және оның бағдарламасына қатысуын қамтамасыз етуге көмектеседі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар кәсіби этиканың жоғары стандарттарын ұстануға міндетті. Кәсіби этика үздіксіз кәсіби дамуды, білім мен дағдылардың өзектілігін сақтау, сондай-ақ өз тәжірибесін бағалап, баланың мүддесі үшін түзетулер енгізу қабілетін қамтиды.

Сондықтан, түсіндірілген ұғымдар мен тұжырымдамалар ерекше білім беру қажеттілігі бар мектепке дейінгі балаларға арналған жеке бағдарламаларды әзірлеудің негізін құрайды. Олардың қолданылуы мен бейімделуі бағдарламаның мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында (ары қарай – МДҰ) енгізілуінің нақты міндеттері мен шарттарына байланысты болады.

2. ЖЕКЕ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ: ТАБЫСТЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істегенде балабақшада екі бағдарламаның синергиясы маңызды рөл атқарады: Жеке даму бағдарламасы (әрі қарай - ЖДБ) және Психолого-педагогикалық қолдау-жеке бағдарламасы (ППҚ ЖБ). Екі бағдарлама да баланы қолдауға бағытталған, бірақ әрқайсысы өз міндеттерін атқарады. Бірақ дәл осы ППҚ ЖБ кешенді және тұтас тәсілді қамтамасыз етеді, ол тек білім беру мақсаттарынан тыс шығып, оны психолого-педагогикалық қолдаудың жүйесінде басымдыққа бағыт етеді.

Бұл бағдарламалардың мақсатын түсіну үшін олардың негізгі міндеттерін қарастыру маңызды. ЖДБ білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған: танымдық, сөйлеу, қозғалыс, әлеуметтік және басқа да дағдыларды дамыту. Тәрбиешілер мен педагогтар материалдарды және оқыту әдістерін баланың қажеттіліктеріне бейімдеп, қолжетімді етеді. Алайда білім мен дағдыларды сәтті меңгеру үшін баланың оқу және даму процесінде кездесетін қиындықтарын ескеру қажет. Бұл жағдайда басты рөлді ППҚ ЖБ атқарады, ол кең ауқымды міндеттерді қамтиды. Ол тек білім беру қолдауымен шектелмей, оқудағы кедергілерді жоюға, эмоционалды тұрақтылықты дамытуға, әлеуметтік бейімделуге және баланың адаптациясына бағытталған. ППҚ ЖБ баланың қабылдау, мінез-құлық және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін ескере отырып, жайлы және қолжетімді орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Неліктен ППҚ ЖБ жетекші рөл атқарады?

Біріншіден, ППҚ ЖБ баланың барлық қажеттіліктерін – когнитивті дамуынан бастап, психологиялық жағдайы мен әлеуметтік бейімделуіне дей-

ін ескереді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін құрдастарымен өзара әрекеттесуге және білім беру ортасында өздерін жайлы сезінуге қабілеттілік академиялық жетістіктерден кем емес маңызды.

Екіншіден, ППҚ ЖБ көпсалалы тәсілге негізделеді. Оның әзірлеу және іске асыру барысында тәрбиешілер, арнайы педагогтар, психологтар, логопедтер, медициналық қызметкерлер және ата-аналар қатысады. Мұндай тәсіл баланың даму динамикасына негізделген бағдарламаға жедел түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Ал ЖДБ көбінесе тек педагогтар жұмыс істейді, бұл жеке тәсілді қолдану мүмкіндігін шектейді.

Үшіншіден, ППҚ ЖБ-нің маңызды аспектісі — ата-аналар және баланың әлеуметтік ортасымен жұмыс істеу. ЖДБ негізінен білім беру міндеттеріне бағытталған. ЖДБ-дан айырмашылығы, баланы үй жағдайында дамуына арналған ұсынымдар бере отырып, ата-аналарды қолдауды көздейді. Бұл балалар бақшасы мен отбасының арасында біртұтас түзету-дамыту кеңістігін қалыптастыруға көмектеседі.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар көбінесе Ұйымдастырылған іс-әрекетті меңгеруде ғана емес, сондай-ақ эмоциялық реттеу, коммуникативтік қиындықтар, режимге бейімделу және білім беру ортасының талаптарына сай болу мәселелеріне де тап болады. ППҚ ЖБ бұл кедергілерді алдын алу мен жеңілдетуге көмектеседі, баланың білім беру процесінде жайлы және сенімді болуына жағдай жасайды.

Көп жағдайларда ППҚ ЖДБ-ның функцияларын өзіне алады, себебі жайлы және қолдаушы орта қалыптастырылмаса, баланы оқыту қиынға соғады. Мысалы, егер баланың коммуникативті дағдыларында қиындықтар болса, тек білім беру бағдарламасына жаттығуларды енгізу жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл жағдайда балаға өзін-өзі сенімді түрде құрдастарымен және педагогтармен қарым-қатынас жасауға бағытталған мамандардың кешенді қолдауы қажет болады. Теңдессіз қиындықтар баланың есту қабілеті бұзылған жағдайларда да туындайды. Мұндай жағдайда баланың педагогтардың сөзін тыңдауы және басқа балалармен қарым-қатынас жасауы қиынға соғады, бұл оның әлеуметтік бейімделуі мен материалды меңгеруіне әсер етеді. Мұндай жағдайда тек білім беру тапсырмаларын бейімдеу жеткіліксіз. Қосымша кешенді қолдау қажет, бұл сурдопедагогтың (немесе логопедтің) жұмысын, визуалды көмекшілерді, ым-ишара тілі мен сау-сақпен жазу әліпбиін қолдануды, сондай-ақ жайлы акустикалық орта құруды қамтиды.

Осылайша, мектепке дейінгі білім беру саласында ППҚ ЖБ басты рөл атқарады, ол тек түзету көмек көрсету ғана емес, баланың балалар ұжымына интеграциялануына да ықпал етеді. Қолдауды қамтамасыз ету барысында педагогтар мен құрдастар тиімді өзара әрекеттесу тәсілдерін игереді, бұл ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім беру ортасында жайлы болуына жағдай жасайды.

3. БАЛАБАҚШАДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Жеке дамыту бағдарламалары мен психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларының синергиясын қарастырғаннан кейін, осы қолдау процесіне тікелей назар аудару қажет, себебі ол шектеулі мүмкіндіктері бар баланың дамуы мен қолдауына арналған кешенді тәсілдің негізгі элементі болып табылады. Бұл бөлімде психолого-педагогикалық қолдауды деңгейлері қарастырылған, олар осы процесті икемді және дәйекті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда аталған Психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларының бір тармағына назар аудару қажет [2]. Осы құжаттың 2-тарауының 4-бабына сәйкес: «Психолого-педагогикалық қолдау ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады:

1) педагогтердің сыныпта (топта) білім алушыларға, тәрбиеленушілерге қатысты оқытуда жеке және сараланған тәсілдерді қолдана отырып;

2) білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдап отыру мамандары жеке дамыту және түзете дамыту бағдарламаларын қолдана отырып;

3) білім беру ұжымы салалық мамандарды (сурдопедагог, тифлопедагог, клиникалық психолог) тарта отырып, сондай-ақ мүдделі органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады.


Бұл тармақ әрбір білім беру ұйымында психологиялық -педагогикалық қолдау енгізудің маңызды екенін көрсетеді, ол үш деңгейді қамтиды, осылайша ерекше білім беру қажеттіліктерін тиімді бағалауға мүмкіндік береді (сурет 1).

Негізгі бірінші деңгей, балабақша тәрбиешісі ерекше білім беру қажеттілігі бар бір немесе бірнеше балалармен тікелей жұмыс істейді. Дәл осы деңгейде балабақша тәрбиешісі осы санаттағы балалармен жұмыс істеуге арналған жағдайларды жасайды, бұл ұйымдастырылған және еркін әрекет барысында, сондай-ақ режимдік сәттерде туындайтын қиындықтарға жедел жауап беруге мүмкіндік береді. Тәрбиеші, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға жақын жұмыс істей отырып, оның ерекшеліктерін ескере отырып, оқу тапсырмалары мен тәсілдерін бейімдеуге болады. Ол баланың даму картасына сәйкес дамытушы және түзету шараларын жүргізеді, сондай-ақ бар ресурстар мен жағдайларды пайдалана отырып, балабақшада жұмыс істейді. Бұл жағдайлар баланың ерекше білім беру қажеттіліктеріне байланысты, оларды тәрбиеші ұйымдастырылған әрекет барысында бақы-

лау арқылы анықтайды. Ең маңызды жағдай баланың даму деңгейін ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын бейімдеу болып табылады. Сондай-ақ, әр баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес әдістерді таңдау маңызды.

Бірінші деңгейдегі психолого-педагогикалық қолдаудың тиімді жүзеге асырылуы мектепке дейінгі білім беру және оқыту бағдарламасын келесі кезеңдерде сәтті меңгеру үшін негіз қалайды. Бұл жеке ерекшеліктерін ескеретін ерекше білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бірінші (базалық) деңгей, мектепке дейінгі топ тәрбиешісі ерекше білім беру қажеттіліктері бар бір немесе бірнеше балаға өзара әрекеттесуді жүзеге асырады, бұл деңгей негізі қалаушы болып табылады. Дәл осы деңгейде осы санаттағы балалармен тікелей жұмыс істеу үшін жағдайлар жасалады, бұл ұйымдастырылған және еркін әрекет барысында, сондай-ақ режимдік сәттерде туындайтын қиындықтарға жедел жауап беруге мүмкіндік береді. Тәрбиеші ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, оның ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру міндеттері мен тәсілдерін бейімдей алады. Тәрбиеші МДҰ-да бар ресурстар мен жағдайларды пайдалана отырып, жеке даму картасына сәйкес дамыту және түзету іс-шараларын жүргізеді. Бұл жағдайлар тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекет барысында баланың ерекше білім беру қажеттіліктеріне байланысты бақылау арқылы анықтайды. Ең маңызды шарттардың бірі – баланың даму деңгейін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын бейімдеу. Сондай-ақ баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін әдістерді таңдау маңызды шарт болып табылады.



1-сурет – Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда психологиялық-педагогикалық қолдау деңгейлері

Егер тәрбиешінің күш-жігері күтілетін нәтижелерге қол жеткізбесе, мектепке дейінгі білім беру ұйымының мамандары екінші (мақсатты) деңгейдегі психолого-педагогикалық қолдау процесіне қосылады (логопед, психолог, арнайы педагог және т.б.). Осы кезеңде баланың білім беру және ерекше қажеттіліктеріне нақты бағалау жүргізіледі, оның негізінде психолого-педагогикалық қолдау бағдарламасы жасалады. Осы бағдарлама аясында мамандар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға түзету-педагогикалық көмек көрсетеді, бұл көмек баланың сөйлеу, танымдық, психоэмоционалды және басқа да даму аспектілерін түзетуге, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын меңгеруде қолдау көрсетуге бағытталған.

Үшінші (үйлестіру) деңгейдегі психолого-педагогикалық қолдау, егер мектепке дейінгі ұйым (МДҰ) мамандарының күш-жігері күтілетін нәтижелерге қол жеткізе алмайтын жағдайда жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда ерекше білім беру қажеттілігі бар бала тұрғылықты жері бойынша психолого-медиико-педагогикалық кеңеске (ПМПК) жіберіледі. ПМПК-да бала терең тексерістен өтеді, оның нәтижелері бойынша одан әрі тәрбиелеу мен оқыту үшін ұсыныстар жасалады. Бұл ұсыныстар ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы тәрбие мен оқыту мектепке дейінгі білім беру ұйымында арнайы жағдайлар жасау немесе баланы сала бойынша мамандар жұмыс істейтін арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымына ауыстыруды қамтуы мүмкін.

Ұсынылған психолого-педагогикалық қолдау деңгейлері тығыз байланысты және баланың даму динамикасына байланысты бір-бірін ауыстыра алады. Мысалы, үшінші деңгейден екінші деңгейге немесе екінші деңгейден бірінші деңгейге өту мүмкін. Мұндай икемділік балалардың әрбір оқу және даму кезеңінде үздіксіз және тиімді қолдауын қамтамасыз етеді. Мұндай икемділік ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен дамытудың әр кезеңінде үздіксіз және тиімді қолдауды қамтамасыз етеді.

Бұл өзара байланыс кездейсоқ таңдалмаған. Қолдау деңгейлері баланың дамуының түрлі аспектілерін ескеруге және білім беру процесін оның қажеттіліктеріне дәлірек бейімдеуге мүмкіндік бере отырып, ППҚ ЖБ әзірлеуге кешенді және жүйелі тәсілді қалыптастырады. Әр деңгей өзіне тән міндеттерді орындайды және ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады.

4. ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚОЛДАУДЫҢ БІРІНШІ ДЕҢГЕЙІНДЕ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ДАМУ КАРТАСЫН РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕУ ТӘРТІБІ

Бұған дейін психологиялық-педагогикалық қолдау деңгейлері және әр деңгейдегі педагогтардың рөлі қарастырылған болатын. Енді бірінші деңгейдегі қолдау шеңберінде бала дамуының жеке картасын толтыру және бейімдеу мәселесіне толығырақ тоқталамыз.

Айтылғандай, мектепке дейінгі ұйымдардағы (МДҰ) бірінші деңгейдегі психологиялық-педагогикалық қолдауға жауапты негізгі педагог – тәрбиеші. Оның басты жұмыс құралы – бала дамуының жеке картасы. Бұл құжат мектепке дейінгі білім беру ұйымдары үшін міндетті құжаттар тізіміне енгізілген және ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарымен, сондай-ақ тәрбие мен оқыту үдерісінің циклограммасымен бірге тәрбиешінің жұмыс құжаттарының кешенін құрайды [6].

Бала дамуының жеке картасы (бұдан әрі – БДЖК) түрлі даму бағыттары бойынша мониторинг нәтижелерін тіркеуге, сондай-ақ дамыту және түзету шараларын жоспарлауға арналған. Ол ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін аса маңызды, өйткені олардың жеке қажеттіліктерін ескеруге және мақсатты психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. БДЖК-ның көмегімен жеке білім беру траекторияларын құруға болады, бұл баланың өзіне қолайлы қарқынмен дамуына және сәтті бейімделуіне ықпал етеді.

Баланың жеке даму картасы мыналарды қамтиды:

1) Баланы сәйкестендіруге қажетті деректер: тегі, аты, туған күні, мектепке дейінгі ұйым (балабақша, мектепке дейінгі шағын орталық немесе мектептің, лицейдің, гимназияның мектепалды сыныбы), бала білім алатын мектепке дейінгі ұйымның тобы;

2) Бала дамуының әртүрлі аспектілерін көрсететін және оқу жылы бойы бақыланатын құзыреттер:

- физикалық қасиеттер: қимыл белсенділігінің, қозғалыс үйлесімділігінің, физикалық төзімділіктің және жалпы моториканың дамуы. Ерекше назар баланың қозғалыс бұзылыстарының болуын ескере отырып, физикалық тапсырмаларды қалай орындайтынына аударылады. Сондай-ақ баланың қимыл-қозғалыс ойындарындағы белсенділігі және физикалық жүктемелерге бейімделу қабілеті бағаланады;

- коммуникативтік дағдылар: сөйлеу қабілетінің дамуы, балалармен және ересектермен қарым-қатынасы, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балада вербалды емес қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуы. Бала өз ойларын қаншалықты еркін жеткізе алатыны, айналасындағы

адамдардың сөзін түсінуі және диалогқа қатысуы бағаланады. Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас тәсілдері, соның ішінде ым-ишаралар мен мимика ескеріледі;

- танымдық және зияткерлік дағдылар: танымдық процестердің, яғни зейін, есте сақтау, ойлау қабілетінің дамуы және қарапайым тапсырмаларды шешу қабілеті. Бала өзіне тән ерекшеліктеріне сәйкес тапсырмаларды қаншалықты сәтті меңгере алатыны бағаланады. Негізгі математикалық және логикалық дағдылардың қалыптасуына, оларды күнделікті өмірде қолдана білуіне ерекше назар аударылады;

- шығармашылық дағдылар: баланың шығармашылық әлеуетінің дамуы, соның ішінде сурет салу, мүсіндеу, құрастыру және оның жеке даралығын көрсететін басқа да қызмет түрлері. Баланың жаңа білімге деген қызығушылығы, эксперимент жасауға және зерттеуге ұмтылысы бағаланады. Бала өз ойын шығармашылық арқылы қаншалықты жеткізетіні және қоршаған әлемге деген танымдық қызығушылығын қаншалықты белсенді танытатыны маңызды болып табылады.

- әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар: эмоционалдық тұрақтылықтың, әлеуметтену қабілетінің, айналасындағылармен қарым-қатынас жасау дағдыларының, сондай-ақ өзін-өзі реттеу қабілетінің дамуы. Бала ұжымға қаншалықты сіңісіп кеткені, бірлескен ойындарға қатысуы, эмпатия танытуы және эмоционалдық жағдайы мен реакцияларын ескере отырып, топқа бейімделу қабілеті бағаланады;

3) әрбір құзыретке арналған кезеңдік бақылау:

- бастапқы бақылау (қыркүйек): ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың бастапқы мәліметтері мен негізгі құзыреттері бағаланады. Бұл ерекше назар аударуды қажет ететін салаларды анықтауға және оқу процесін түзету бойынша алғашқы ұсынымдарды жасауға көмектеседі. Бала дамуына әсер етуі мүмкін жеке қажеттіліктерге ерекше назар аударылады;

- аралық бақылау (қаңтар): аралық нәтижелер талданады, бұл баланың жетістіктерін бағалауға және қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Баланың жағдайындағы өзгерістер мен оқу материалын меңгеру деңгейі ескеріле отырып, жұмыс әдістеріне қажетті түзетулер енгізіледі;

- қорытынды бақылау (мамыр): оқу жылының қорытындылары шығарылады, баланың жоспарланған мақсаттарға қаншалықты жеткені және қойылған міндеттерді орындау нәтижелері бағаланады. Алынған мәліметтер негізінде баланы әрі қарай қолдау және келесі кезеңде қосымша қолдау шараларының қажеттілігі туралы қорытындылар жасалады;

4) әрбір бақылау кезеңі мен құзыретке арналған іс-шаралар:

- егер бала жақсы жетістіктер көрсетсе, дамытушы іс-шаралар;

- егер бала қиындықтарға тап болса, түзету іс-шаралары.

Кейбір жағдайларда баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін екі іс-шара түрін де қолдану қажет болуы мүмкін.

Бастапқы бақылаудан кейін түзету іс-шараларын енгізу кезінде «қалыптастыру» деген тұжырымдаманы қолдануға болады. Бұл қажетті дағдыларды үйрету және дамыту процесін бастау қажеттігін көрсетеді. Осы кезеңде басты назар іргелі білім мен дағдылардың негізін қалауға бағытталуы керек, олар кейіннен тереңдетіледі. Аралық бақылау кезінде «дамытуды жалғастыру» деген тұжырымдаманы пайдалану орынды. Бұл білім беру процесі барысында белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілгенін және одан әрі әрекеттер білім мен дағдыларды кеңейту мен тереңдетуге бағытталуы керектігін көрсетеді. Бұл кезеңде баланың жетістіктерін ескеріп, іс-шараларды оның қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу маңызды. Қорытынды бақылау кезеңінде «жетілдіру» деген сөзді қолдану ұсынылады. Бұл тек алынған білім мен дағдыларды бекітіп қана қоймай, оларды одан әрі дамыту, түсінігін тереңдету, сондай-ақ баланың күрделірек тапсырмаларды өз бетінше шешу қабілетін қалыптастыру қажеттігін білдіреді.

5) Әрбір бақылау кезеңінен кейін жасалатын қорытындылар бала дамуының деңгейі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкестігін анықтайды. Қорытындылар баланың жоспарланған нәтижелерге жеткен-жетпегенін және оны әрі қарай дамыту үшін қосымша іс-шаралар қажет пе екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау аясында БДЖК бейімдеу екі түрлі тәсіл арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бірінші тәсіл – бала дамуының баламалы бағалау әдісін қолдану. Бұл әдіс «Мектепке дейінгі ұйымдарда психикалық дамуы тежелген балаларға арналған педагогикалық диагностика (баламалы бағалау)» әдістемелік ұсынымдарында сипатталған. Осы әдіске сәйкес баламалы бағалау баланың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі мен мақсатына сәйкес таңдалған бақылау-диагностикалық тапсырмаларды орындауына негізделеді. Бала тапсырмаларды орындау кезінде қаншалықты көп қиындықтарға тап болса, соғұрлым оған жеке көмек көрсету қажеттілігі жоғары болады. Бастапқы кезеңде мұндай қажеттілік БДЖК-да белгіленеді, оны тәрбиеші бақылау-диагностикалық тапсырмалардың нәтижелеріне сүйене отырып толтырады.

Екінші тәсіл – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу үшін арнайы дайындықтан өткен тәрбиешінің кәсіби тәжірибесіне негізделеді. Тәрбиеші өзінің кәсіби қызметін атқару барысында дамуында ерекшеліктері бар баланы үнемі бақылайды және осы бақылаулар негізінде БДЖК-сын толтырады.

БДЖК-сын рәсімдеу және бейімдеу үдерісі психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірінші деңгейінде келесі қадамдарды қамтиды:

1) Тәрбиеші оқу жылының басында балаларды ұйымдастырылған және еркін әрекеттер барысында, сондай-ақ күн тәртібіндегі сәттерде бақылайды.

Ол әсіресе дамуында белгілі бір қиындықтар немесе мәселелер байқалған балаларға ерекше назар аударады. Бұл қиындықтар дене, коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік-эмоционалдық және шығармашылық салаларға қатысты болуы мүмкін. Бақылау жүргізу үшін тәрбиеші стандартты формалар мен үлгілерді қолдана алады, онда әрбір даму бағыты бойынша белгілі бір әрекеттерді орындау деңгейі белгіленеді (мысалы, моторика дағдыларына арналған тапсырмаларды орындау арқылы үйлестіру, ептілік және т.б. бағаланады).

2) Тәрбиеші әрбір құзыреттілік бойынша баланың дағдыларын бағалайды. Бұл үшін ол мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша дағдылар мен икемділіктерді дамыту мониторингін жүргізуге арналған әдістемелік ұсынымдарда белгіленген нәтижелілік индикаторларын пайдаланады. Бұл индикаторлар баланың дағдыларын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

3) Тәрбиеші баланың қиындықтарын анықтайды, оның қандай аспектілерде қиналатынын айқындайды, сондай-ақ оның болашақ дамуына тірек бола алатын күшті жақтарын белгілейді (мысалы, белгілі бір іс-әрекеттерге қызығушылығы). Алынған мәліметтер негізінде қажетті дағдыларды дамытуға, олқылықтарды жоюға және дағдыларды жетілдіруге бағытталған нақты міндеттер қалыптастырылады. Мысалы, егер бастапқы бақылау нәтижелері бойынша ерекше қажеттіліктері бар баланың нұсқауларды түсінуі мен құрдастарымен қарым-қатынаста қиындықтары анықталса, онда бұл аспектілер түзету жұмысын жоспарлауда басымдыққа ие болады.

4) Жүргізілген талдау негізінде тәрбиеші белгілі бір дағдыларды дамытуға немесе анықталған қиындықтарды түзетуге бағытталған мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдайды. Оларға, мысалы, қарапайым нұсқауларды түсіну және орындау қабілетін жақсарту, коммуникативтік дағдыларды және құрдастарымен өзара әрекеттесуін дамыту, сондай-ақ назар аудару мен тапсырмаларға шоғырлану қабілетін арттыру кіруі мүмкін.

5) Баланың даму бағыттары анықталғаннан кейін, тәрбиеші сәйкес іс-шараларды жоспарлауға кіріседі.

Іс-шара түрлері:

- жеке ұйымдастырыған іс-әрекет (баланың қажеттіліктерін ескеретін арнайы әзірленген тапсырмалар);
- топтық белсенділіктер (баланың басқа балалармен қарым-қатынасын және өзара әрекетін жақсартуға көмектесетін ойындар мен жаттығулар);
- қажетті дағдыларды еркін жағдайда дамыту үшін ойындар мен ойыншықтарды, мультимедиялық технологияларды қолдану.

Іс-шаралар әр баланың ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне бейімделуі тиіс. Мысалы:

- егер бала ептілік немесе қозғалыс үйлесімдігі жағынан қиындықтар көрсе, тәрбиеші ермексизден мүсіндеу, мозайка құрастыру, конструктор

жинау, сурет салу сияқты іс-әрекеттерді ұйымдастыра алады; дене шынықтыру нұсқаушысы ұсақ және ірі моториканы, тепе-теңдік пен қозғалыс үйлесімділігін дамытуға, бұлшықеттерді нығайтуға арналған жаттығулар жүргізіп, доптармен, кегльдермен, ленталармен ойындар ұйымдастырады;

- егер бала өз ойын жеткізуде немесе нұсқауларды түсінуде қиындық көрсе, тәрбиеші қысқа әрі нақты нұсқаулар беріп, тапсырмаларды кезең-кезеңмен бейнелеп көрсетуі мүмкін, сондай-ақ сөйлеу дағдыларын дамытуға және ойын білдіруге арналған ойындарды қолданады;

- егер бала қарым-қатынаста қиындық көрсе және құрдастарымен өзара әрекеттесуде сенімсіз болса, тәрбиеші оның ойындары мен тапсырмаларын өз ойын және тілектерін білдіруге үйретуге, сенімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға, диалог құруға және біртіндеп ұжымдық әрекетке қосылуға бағыттай алады;

- егер баланың эмоционалдық жағдайы өзгерсе (мазасыздық немесе агрессия белгілері пайда болса), тәрбиеші релаксацияға арналған ойындар мен әңгімелер ұсынуы, сондай-ақ стресс факторларын төмендету үшін бағдарламаны түзетуі мүмкін.

6) Белгіленген мақсаттар мен жоспарланған іс-шараларға сәйкес, тәрбиеші деректерді БДЖК-ға енгізеді. Мұнда маңыздысы:

- мақсаттарға жету үшін қолданылатын нақты дамыту немесе түзету іс-шараларын сипаттау (мысалы, өзара әрекеттесуге арналған ойындар, сөйлеу дағдыларын дамыту жаттығулары);

- мақсаттар мен күтілетін нәтижелерді көрсету (тәрбиеші ұсынылған іс-шаралар арқылы балада қандай дағдыларды дамытуды жоспарлап отыр).

- орындау мерзімдері, олар шынайы болуы керек және мүмкіндігі шектеулі баланың даму қарқынын ескеруі тиіс (мысалы, бір ай).

Әдетте, іс-шараларды жүргізуге 3 ай бөлінеді (екі бақылау арасындағы кезең), сондықтан бұл мерзімді нақты тапсырмаларды біртіндеп орындауды көздейтін кезеңдерге бөлу ұсынылады.

1-қосымшада психикалық дамуы тежелген 4 жастағы бала мен сөйлеу дамуы тежелген 3 жастағы балаға арналған ЖДК толтыру үлгілері көрсетілген.

7) Іс-шараларды жүргізу барысында тәрбиеші балаларды бақылауды жалғастырып, өзгерістер мен жетістіктерді тіркейді. Қажет болған жағдайда, балаға жеке тәсілді бейімдеу үшін БДЖК-ға түзетулер енгізеді.

Нәтижелерді қадағалау және алдағы қадамдарды жоспарлау үшін даму графиктері мен кестелерін қолдану ұсынылады. Бұл өзгерістердің динамикасын көрнекі түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Тәрбиеші іс-шаралардың тиімділігін келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- бала ұсынылған әрекеттерге қаншалықты белсенді қатысады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастырылған

іс-әрекет әртүрлі болуы мүмкін. Маңыздысы, олардың қатысуы тек айқын белсенділікте ғана емес, сонымен қатар нәзік өзара әрекеттесудің формаларында да көрінуі мүмкін. Мысалы, бала ойынға бастамашылдық танытпауы мүмкін, бірақ қатысуға қарай аз да болса қадамдар жасайды: болып жатқан оқиғаларға мұқият назар аударады, ым-ишаралар мен вербальды емес сигналдар арқылы жауап береді. Мұндай жағдайда тәрбиеші қосымша қолдау көрсетіп, қатысуды ынталандыруы тиіс.

- Қиындық тудырған салаларда қандай да бір жақсару байқала ма. Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуы баяу жүруі мүмкін, бірақ аз ғана жетістіктердің өзі маңызды қадам болып саналады. Маңыздысы, әртүрлі салалардың (мысалы, танымдық немесе әлеуметтік) дамуы біркелкі болмауы мүмкін екендігін ескеру қажет. Мысалы, егер бала бұрын қарапайым нұсқауларды орындауда қиындық көрсе, бірақ қазір оларды ішінара орындай бастаса немесе дұрыс реакция танытса – бұл оң динамика болып табылады.

- бала тапсырмаларды орындау барысында өзін қаншалықты жайлы және қызығушылықпен сезінеді. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жайлылық сезімі өте маңызды, өйткені олардың қабылдауы сыртқы факторларға өте сезімтал болуы мүмкін. Мысалы, аутистік спектрі бұзылыстары бар балаға шулы топтық тапсырмаларға қатысу қиын болуы мүмкін. Алайда егер оған тыныш және құрылымдалған орта жасалса, тапсырмалар оның қызығушылықтарына бейімделсе (мысалы, көрнекі материалдарды пайдалану) ол өзін сенімдірек сезініп, белсенді қатыса алады.

- құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасының жақсаруы. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін әлеуметтік өзара әрекеттесу коммуникация, қабылдау және мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан тек қатысудың өзі емес, баланың қарым-қатынасы қалай өзгеріп жатқаны да маңызды. Мысалы, сөйлеу қабілеті бұзылған бала суреттерді немесе ым-ишараны қолданып, өз ойын жеткізе бастаса, бұл коммуникациядағы прогрестің белгісі. Тіпті ойыншықты басқа балаға беру сияқты әрекеттер де үлкен жетістік болып саналады.

8) БДЖК бейімдеу келесі қадамдарды қамтиды:

- әр 2-4 апта сайын немесе белгілі бір мақсаттар орындалған жағдайда ертерек мониторинг жүргізу;

- жетістіктерді бағалау негізінде тәрбиеші келесі қадамды шешеді: жұмысты сол бағытта жалғастыру немесе жаңа тәсілдер енгізу.

Егер бала ағымдағы тапсырмаларды жақсы орындай алса, келесі бейімдеулерді жасауға болады:

а) Тапсырмаларды күрделендіру: (мысалы, бастапқы мақсат: бала екі қадамдық нұсқауларды түсініп, сенімді орындайды («Ойыншықты ал да, сөреге қой»); бейімдеу: үш-төрт қадамдық нұсқауларға көшу («Ойыншықты ал, сөреге қой да, кітапты әкел»).

Бұл баланың зейіннің шоғырландыру және бірнеше әрекетті есте сақтауға көмектеседі.

б) Өзара әрекеттесуді күрделендіру: (мысалы, бастапқы мақсат: бала 1-2 баламен ойнай алады; жетістік: бала шағын топта (жұптық ойындарда) белсенді әрекет етеді, бейімдеу: үлкен топтық ойындарға қосу (спорттық ойындар, командалық тапсырмалар).

в) Өзіндік әрекетті дамыту: (мысалы, бастапқы мақсат: бала тәрбиешінің көмегімен тапсырмаларды орындайды, жетістік: бала тапсырмаларды өз бетінше орындай бастады, бейімдеу: балаға көбірек дербес тапсырмалар беру, (мысалы, қадамдармен нұсқаулықтар беру орнына жалпы тапсырма беріледі («Ойыншықтарды жина»), бұл жағдайда бала қадамдарды өзі ойластырып орындауы қажет).

Егер бала қазіргі тапсырмаларды орындай алмаса, келесідей бейімдеуге болады:

а) тапсырмаларды жеңілдету (мысалы, бастапқы мақсат: бала екі қадамнан тұратын нұсқаулықтарды түсініп, орындайды; қиындық: бала нұсқаулықтарды тек көрнекі көмектің көмегімен түсінеді (карточкалар, ым-ишаралар); бейімдеу: а) егер балаға тапсырманы түсіну үшін карточкалар немесе ым-ишара қажет болса, көрнекі құралдарды белсенді қолдану (мысалы, алдымен үстелдің (бірінші қадам) және кубиктің (екінші қадам) суретін көрсету арқылы сөздерді әрекеттермен сәйкестендіруге көмектесу); б) тапсырма қадамын қысқарту (екі қадамнан тұратын нұсқаулықтардың орнына уақытша бір қадамнан тұратын нұсқаулық беру, мысалы, алдымен «Үстелге жақында» деп айту, ал бала бұл әрекетті орындағаннан кейін келесі қадамды қосу: «Кубикті ал»). Бір қадамнан тұратын нұсқаулықтар меңгерілгеннен кейін біртіндеп екі қадамды тапсырмаларға оралуға болады.

б) өзара әрекеттесуді жеңілдету (мысалы, бастапқы мақсат: баланы жұптық ойынға тарту; қиындық: бала қарым-қатынас орнатуда қиындық көреді, араласудан қашады; бейімдеу: әлеуметтік өзара әрекеттесу процесін жеңілдету үшін алдымен баланы жеке ойынға тарту. Кейін тәрбиешінің бақылауымен екінші қатысушыны біртіндеп енгізу. Бала өзін сенімді сезінуі үшін жайлы және қолдаушы орта құру маңызды).

в) көмекті арттыру (мысалы, бастапқы мақсат: бала тапсырмаларды өз бетінше орындауы керек (мысалы, үлгі бойынша суретті жинау); бала тапсырманы бастай алмайды немесе оған қызығушылығын тез жоғалтады, үнемі көмек қажет етеді; бейімдеу: қолдауды күшейту (алдымен бала қолын бағыттап, физикалық көмек көрсету, кейін вербалды қолдауға ауысу – қадамдарды айтып, еске салу). Тапсырма меңгерілген сайын көмекті біртіндеп азайтып, баланың өз бетінше жұмыс істеуіне көбірек мүмкіндік беру).

9) тәрбиеші мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс істейтін басқа педагогтармен белсенді түрде ынтымақтасады (қазақ тілі мұғалімі (егер балабақша орыс тілінде оқытатын болса), дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка же-

текшісі және т.б.). Бұл өзара әрекеттесу баланың дамуын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Ол келесілерді қамтиды:

- мәліметтермен және баланың мінез-құлқы мен дамуын бақылау нәтижелерімен алмасу. Бұл баланың жетістіктері мен қиындықтары талқыланатын бірлескен жиналыстарда жүзеге асырылуы мүмкін

- баланың дамуының әртүрлі аспектілеріне назар аудару, мұнда әр педагог өз саласы бойынша бағалау жүргізеді:

- а) қазақ тілі мұғалімі баланың сөздік қоры мен коммуникативтік дағдыларына мән береді, әсіресе егер оның сөйлеуінде қиындықтар болса. Бақылау негізінде ол сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған арнайы ойындар мен жаттығулар әзірлей алады

- б) дене шынықтыру нұсқаушысы баланың моторикасы мен координациясын қоса алғанда, физикалық қабілеттерін бағалайды. Ол баланың денсаулығы мен физикалық жағдайын ескере отырып, бейімделген жаттығулар ұсына алады

- в) музыка жетекшісі баланың шығармашылық қабілеттерін талдап, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын жақсартуға, сондай-ақ зейінін шоғырландыру мен өзін-өзі көрсетуге ықпал ететін музыкалық жаттығуларға негізделген ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұсынады

- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бірлесіп жоспарлау және жүзеге асыру: педагогтар ерекше қажеттіліктері бар баланың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін кешенді ұйымдастырылған іс-әрекеттерді әзірлей алады. Мысалы,

- а) қазақ тілі сабағы қозғалыс элементтерімен біріктірілуі мүмкін (балалар сөздік қорын, коммуникативтік дағдыларын және физикалық қабілеттерін қазақ тілімен байланысты белсенді ойындар мен тапсырмалар арқылы дамытады)

- б) қоршаған ортамен танысу сабағы физикалық белсенділік элементтерімен толықтырылуы мүмкін (балалар өсімдіктер мен жануарларды зерттегеннен кейін олардың қозғалыстарын қайталайды (қоянша секіру, жыланша жорғалау) немесе әртүрлі өсімдіктердің формасына ұқсас созылу жаттығуларын орындайды)

- нәтижелерді бағалау және әдістерді бейімдеу: педагогтар сабақтардың нәтижелерін бірлесіп талдап, қай әдістер тиімді болғанын және қайсысын жетілдіру қажет екенін талқылайды. Бұл үдеріс баланың жетістіктерін бағалап қана қоймай, оның жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқыту мен дамыту тәсілдерін түзетуге мүмкіндік береді

- қолдаушы орта қалыптастыру: педагогтардың бірлескен жұмысы ерекше қажеттіліктері бар бала өзін қабылданған және қорғалған сезінетін жағдай жасайды. Балаға әртүрлі мамандардың онымен жұмыс істейтіні түсінікті болған кезде, оның өзіне деген сенімділігі мен оқуға деген ынтасы артады.

10) Тәрбиеші ата-аналармен тұрақты түрде кездесулер өткізіп, бақылау нәтижелерін, баламен үйде жұмыс істеуге арналған нақты ұсыныстарды талқылайды. Ол айына бір рет кездесіп немесе баланың қазіргі жетістіктері мен қиындықтарын жан-жақты талқылайтын кеңес өткізеді. Мысалы, тәрбиеші ата-аналарға сөйлеу қабілетін дамытуға арналған үй жаттығуларын (үнге еліктеу ойындары) немесе ұсақ моториканы жақсартуға көмектесетін жаттығуларды (ұсақ заттармен жұмыс) ұсынуы мүмкін.

11) Аралық бақылау кезінде (қаңтар) баланың жетістіктері мен қиындықтарын анықтау үшін қайта диагностика жүргізіледі. Бұл кадамның механизмі 8-тармақта сипатталған тәсілге ұқсас. Тәрбиеші нәтижелердегі өзгерістерді талдайды, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын меңгерудегі олқылықтарды анықтайды, тәсілдерді түзетеді.

Егер түзету жұмыстары оң нәтиже берсе, оларды бейімдеп немесе жаңа әдістермен алмастыруға болады. Назарды күрделірек тапсырмаларға аудару немесе баланың дербестігін дамыту үшін қолдауды азайту ұсынылады. Егер қиындықтар әлі де сақталса, қарқынды жұмыс түрлері қарастырылады. Мысалы, қыркүйекте баланың ұсақ моторикасы нашар дамығаны анықталса және осы дағдыларды жетілдіру үшін мүсіндеу мен сурет салу сабақтары енгізілсе, тәрбиеші желтоқсан айында осы саладағы өзгерістерді бағалап, қажет болған жағдайда бағдарламаға түзетулер енгізеді. Немесе егер баланың қарым-қатынас дағдылары жақсарса, бірақ танымдық қызметінде (зейінді шоғырландыру немесе есте сақтау қиындықтары) мәселелер қалса, БДЖК-не жаңа түзету шаралары енгізіледі (мысалы, зейінді дамытуға арналған қосымша тапсырмалар немесе есте сақтауды жақсартуға бағытталған ойындар).

12) Оқу жылының соңында (мамыр) тәрбиеші баланың жетістіктерін қорытынды бағалаудан өткізеді. БДЖК-да барлық құзыреттер бойынша бақылау нәтижелері тіркеліп, баланың даму деңгейінің бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне қаншалықты сәйкес келетіні туралы қорытындылар жасалады. Тәрбиеші баланың оқу жылы ішінде қандай жетістіктерге жеткенін және қай дағдылар бойынша әлі де қолдауға мұқтаж екенін белгілейді. Мысалы, тәрбиеші баланың физикалық қасиеттері мен қарым-қатынас дағдылары бойынша күтілетін нәтижелерге жеткенін, бірақ танымдық дағдыларын одан әрі дамыту қажет екенін анықтауы мүмкін. Бұл жағдайда келесі оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарланады.

Осылайша, психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірінші деңгейінде БДЖК-ны рәсімдеу және бейімдеу процесі баланың дамуын күнделікті бақылау және оның жан-жақты өсуіне жағдай жасау мақсатында тәрбиеші тарапынан жүзеге асырылады. Тәрбиеші өз бақылауларына және бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, іс-шараларды әзірлейді және енгізеді, оларды қажет болған жағдайда оқыту мен дамытудың барынша жақсы нәтиже-

леріне қол жеткізу үшін бейімдейді. Маңызды аспектілердің бірі – баланың жетістіктері мен қиындықтарын көрсететін БДЖК-дағы деректерді жүйелі түрде жаңартып отыру. БДЖК білім беру процесін әр баланың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне икемді түрде бейімдеуге мүмкіндік береді.

Арнайы қажеттіліктері бар баланың жеке даму картасымен жұмыс істеу процесі психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірінші деңгейінде топтағы жалпы тәрбиелік-білім беру процесінің аясында жүзеге асырылады. Бұл әр баланың өз қарқынымен дамып, қажетті қолдауға ие болуына мүмкіндік беретін интеграцияланған орта құруға жағдай жасайды. Тәрбиешінің топтағы барлық балалармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеруі және тиісті әдістер мен тәсілдерді қолдана білуі аса маңызды.

Айрықша атап өту керек, БДЖК көмегімен алынған арнайы қажеттіліктері бар балалардың жетістіктері туралы ақпарат – белгілі ережелерге сәйкес топта жүргізілетін жалпы мониторинг үшін құнды ресурс болып табылады [8]. Бұл деректер мониторинг нәтижелерін сапалық көрсеткіштермен толықтырады. Мысалы, жалпы мониторинг арнайы қажеттіліктері бар баланың өзара әрекеттесу дағдыларының жақсарғанын тіркесе, арнайы мониторинг нәтижелері осы жетістіктің нақты қолданылған әдістермен қалай байланысты екенін түсіндіруге көмектеседі. Ал егер бұл дағдыларда оң өзгерістер байқалмаса, арнайы мониторинг нәтижелері баланың қандай қиындықтарға тап болғанын анықтауға және күтілетін нәтижелерге әкелмейтін әдістерді айқындауға көмектеседі. Бұл тәрбиешіге өз тәсілдерін түзетіп, баланың белгілі бір дағдыларын барынша тиімді қолдау мен дамытуға мүмкіндік береді.

5. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙІНЕ ӨТУ ШАРТТАРЫ

Арнайы қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың екінші деңгейіне көшу мектепке дейінгі ұйымдарда (МДҰ) неғұрлым қолжетімді білім беру ортасын құру жолындағы маңызды кезең болып табылады. Бұл кезең келесі қадамдарды қамтиды.

1) Бақылау кезеңіне (бастапқы, аралық немесе қорытынды) қарамастан, тәрбиеші үнемі түзету шараларын тұрақты жүргізілуіне қарамастан, балада қиындықтары сақталып немесе күшейетінін байқауы мүмкін.

Бұл үйлесімділік, ептілік және жалпы физикалық белсенділікпен айқындалған проблемалар, елеулі эмоционалдық қиындықтар (жиі алаңдаушылық, агрессия, тұйықталу және т.б.), сөйлеу дамуының елеулі қиындықтар (дыбыстарды айту, сөйлемдерді құрастыру, ойларын білдіруде және т.б қиындықтар.), сондай-ақ танымдық салада байқалатын қиындықтар, оның ішінде назар аударудың төмен шоғырлануы, жадының әлсіздігі, жаңа

материалды меңгерудің баяу қарқыны, логикалық ойлаудың жеткіліксіз дамуы, себеп-салдар байланыстарын орнатудағы және т.б қиындықтар болуы мүмкін.

2) Тәрбиеші баланың дамуында анықталған қиындықтарға байланысты тиісті мамандарға (логопед, психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент) жүгініп, психологиялық-педагогикалық қолдаудың екінші деңгейіне көшуді бастайды. Бұл ауысу балаға кәсіби көмекті уақтылы көрсетуге және оның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, одан әрі дамуына мүмкіндік береді.

3) Тәрбиешінің мамандарға жүгіну мерзімі бірқатар факторларға байланысты: баланың дамуындағы қиындықтардың қаншалықты айқын көрінетіні, олардың қаншалықты жылдам байқалатыны және бірінші деңгейдегі түзету шараларынан кейінгі жетістіктер. Тәрбиеші мәселенің ушығып кетуіне жол бермеу үшін дер кезінде әрекет етуі қажет. Әдетте, мамандарға жүгіну туралы шешім түзету шаралары жүргізілгеннен кейін 1-2 ай ішінде қабылданады.

Егер қиындықтар өткір байқалмаса, бірақ бірнеше ай бойы түзету шараларының оң нәтижелері көрінбесе, тәрбиеші мамандардың көмегіне жүгінудің қажеттілігін бағалауы керек. Бұл жағдайда, егер қыркүйек пен қаңтар аралығында күтілетін нәтижелерге қол жеткізілмесе, тәрбиеші аралық бақылаудан кейін мамандарға жүгіне алады.

Кейбір жағдайларда балада бұрын байқалмаған жаңа қиындықтар кеттен пайда болуы мүмкін (мысалы, эмоционалдық бұзылулар, тұйықталу, қарым-қатынас дағдыларының күрт нашарлауы). Мұндай жағдайлар шұғыл әрекет етуді талап етеді, себебі олар баланың психологиялық жағдайындағы өзгерістермен немесе психологтың көмегін қажет ететін сыртқы факторлармен байланысты болуы мүмкін.

4) Мамандарға жүгінбес бұрын, тәрбиеші ата-аналарды бұл жөнінде хабардар етіп, қазіргі түзету шаралары күтілетін нәтижелерді бермейтінін және тереңірек талдау мен көмек көрсету үшін мамандарды тарту қажеттілігін түсіндіреді. Ол бақылау деректері мен ЖДК-нан алынған қорытындылармен бөлісіп, ата-аналармен әрі қарайғы қадамдарды келіседі.

Егер ата-аналар баланы алдағы тексеруден өткізуден бас тартса, психологиялық-педагогикалық қолдаудың екінші деңгейіне көшу жүзеге асырылмайды. Бұл туралы МДҰ меңгерушісіне хабар беріледі және ата-аналардың бас тартуы баланың жеке ісінде тіркеледі.

5) Ата-аналардың баланы тексеруден өткізуге берген жазбаша келісімі негізінде тәрбиеші МДҰ мамандарына жүгінеді. Осы кезеңнен бастап психологиялық-педагогикалық қолдаудың екінші деңгейіне көшу басталады.

Айта кету керек, психологиялық-педагогикалық қолдау кей жағдайларда бірінші деңгейден өтпей-ақ екінші деңгейде ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай тәсіл келесі жағдайларда қолданылады:

- Аутистік спектрі бұзылыстары, психикалық немесе сөйлеу дамуының тежелуі, сенсорлық бұзылыстар сияқты ауыр бұзылыстар байқалған кезде, баланың басынан бастап мамандардың араласуын қажет етуі;

- баланың даму барысына әсер ететін шектеулі мүмкіндіктер (мысалы, мүгедектік немесе созылмалы аурулар) туралы медициналық қорытынды бар болғанда;

- бала МДҰ-ға бұрын жүргізілген ерте диагностика қорытындылары негізінде анықталған ерекшеліктерімен келген жағдайда;

- агрессия, тұйықтық, мазасыздық сияқты эмоционалдық немесе мінез-құлықтық ауытқулар байқалып, олар ұжымға бейімделуге кедергі келтірсе;

- егер ПМПК қорытындысы психологиялық-педагогикалық қолдауді ұсынса.

Осылайша, психологиялық-педагогикалық қолдаудың екінші деңгейіне көшу даму және бейімделу қиындықтарына тап болған ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Сонымен қатар, бұл педагогтар, мамандар мен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимылды тиімді ұйымдастыруға ықпал етеді, нәтижесінде бала үшін тұтас қолдау жүйесі қалыптасады.

6. ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың екінші деңгейі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсететін МДҰ мамандарының қатысуын қарастырады. Бұл мамандарға логопедтер, психологтар, арнайы педагогтар және педагог-ассистенттер жатады. Олар баланың білім алу-дағы және ерекше қажеттіліктерін жан-жақты бағалап, осы негізде ППҚ жеке бағдарламасын әзірлейді. Өздерінің кәсіби қызметі шеңберінде мамандар сөйлеу, танымдық, психоэмоционалдық және басқа да дағдыларды дамытуға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын меңгеруге қолдау көрсетуге бағытталған түзету-педагогикалық көмекті жүзеге асырады [3,4,9].

Екінші деңгейдегі жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын әзірлеу және енгізу процесі келесі қадамдарды қамтиды:

1) Оқу жылының басынан бастап (немесе оқу жылы ішінде тәрбиешілердің өтініші бойынша) мамандар ерекше қажеттіліктері бар баланы өз құзыреттілігі аясында бақылайды. Бақылау бір апта бойы ұйымдастырылған және еркін әрекет ету кезеңдерінде, сондай-ақ күнделікті режимдік

сәттерде жүргізіледі. Бақылау барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекшеліктерін ескеретін және даму аспектілерінің әрқайсысы бойынша нақты көрсеткіштерді қамтитын арнайы бақылау формаларын қолдану ұсынылады (мысалы, коммуникативтік дағдылар, танымдық қабілеттер, моторика, эмоционалдық тұрақтылық).

Бақылау құралдары мыналарды қамтуы мүмкін:

- чек-парақтар мен бақылау парағы – негізгі көрсеткіштері бар жеке дамуының карталары (физикалық, коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік-эмоционалды даму), баланың әртүрлі бағыттары бойынша мінез-құлқын, дағдыларын және жетістіктерін бағалау үшін шкалалар мен рейтингтер, сондай-ақ арнайы қиындықтарға арналған чек-парақтары (мысалы, есту немесе көру қабілеті зақымдалған балалар үшін). Танымдық аймақтарының назар аудару мен есте сақтауды бағалау үшін рейтингтік шкала, сөйлеу дамуы бойынша – артикуляция немесе грамматикалық құрылымдағы қиындықтарды анықтау үшін чек-парақтар, ал әлеуметтік-эмоционалды дамуы бойынша – алаңдаушылық деңгейін немесе құрдастарымен өзара әрекеттесу қабілетін бағалау нысандары болуы мүмкін;

Бақылау күнделіктері – баланың әртүрлі жағдайларда (ұйымдастырылған іс-әрекет, еркін ойын, режимдік сәттер) мінез-құлқын тіркейтін журнал, сондай-ақ топтық жұмыс немесе жеке Ұйымдастырылған іс-әрекет жағдайында баланың нақты жағдайлары мен реакцияларын сипаттайтын жазбалар. Мысалы, эмоционалды аймақтарының күн тәртібіндегі өзгерістерге жауап ретінде жиі тұтану жағдайлары немесе алаңдаушылықтың пайда болу жағдайлары тіркелуі мүмкін, ал танымдық аймақтарында – күрделі тапсырмаларды орындау кезінде назарды ұстап тұрудағы қиындықтар тіркелуі мүмкін.

Физикалық белсенділік пен моториканы бақылау құралдары – ұсақ моториканы бағалау үшін жинақтар (кубиктер, мозаикалар, пазлдар), қозғалыс үйлесімділігін бағалау үшін жаттығулар (шарлар, секіртпелер, гимнастикалық жаттығулар), сондай-ақ тапсырмаларды орындалу динамикасын бақылау үшін қозғалыс белсенділігін бейне талдау. Сөйлеу дамуын бағалау үшін заттарды сипаттау карточкалары, фонематикалық естуді дамытуға арналған ойындар, ал әлеуметтік даму үшін баланың ұжымдағы мінез-құлқын бақылауға рөлдік ойындар пайдаланылуы мүмкін;

- ата-аналарға арналған анкеталар мен сауалнамалар (бала үйде болғандағы мінез-құлқы мен жағдайын бақылау анкеталары, жеке қолдау бағдарламасының тиімділігін бағалау үшін жетістіктер туралы сауалнамалар).

2) мамандар балаға бақылау жүргізіп, оның нәтижелерін ата-аналармен талқылайды, өз қорытындыларын және баланың даму ерекшеліктерін егжей-тегжейлі түсіндіреді.

3) Ата-аналардың келісімімен мамандар арнайы диагностикалық әді-

стерді қолдана отырып, психологиялық-педагогикалық зерттеу жүргізеді. Бұл әдістер баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін тереңірек түсінуге және оқыту мен даму барысында қандай нақты факторлардың қиындық туғызатынын анықтауға көмектеседі. Мамандар келесі әдістерді қолдана алады:

- танымдық қабілеттерді диагностикалау әдістері (Л.С. Выготскийдің баланың жақын арадағы даму аймағы мен оның нақты білімдері мен дағдыларын анықтауға бағытталған тесттері, мектепке дейінгі жастағы балалардың интеллект деңгейін бағалауға арналған балалардың интеллектуалдық даму шкаласы (WPPSI), оған вербалды және вербалсыз дағдылар кіреді, сондай-ақ жалпы интеллектуалдық дамуды бағалауға, кешеуілдеулер мен бұзылуларды анықтауға бағытталған Векслер әдістемесі);

- сөйлеу дағдыларын диагностикалау әдістері (фонетика-фонематикалық, лексика-грамматикалық қиындықтарды диагностикалауға арналған Л.Н. Ефименкова әдістемесі, балалардың байланыстырып сөйлеуін, фразалық сөйлеу деңгейін, дыбыстарды бұрмалап айтуын анықтауға мүмкіндік беретін А.Н. Гвоздев тесті, дыбыстық құрылым бұзылыстарын, фонематикалық есту мен сөйлеу дағдыларының қалыптасуын анықтауға көмектесетін Т.А. Фотекова логопедиялық зерттеу әдістемесі);

- қозғалыс дағдыларын диагностикалау әдістері (балалардың ұсақ және ірі моторикасын, сондай-ақ қимыл үйлесімділігін диагностикалауға арналған Бруникс-Осерецки тесттері (BOT-2), жалпы және ұсақ моториканы бағалауға бағытталған О.И. Князева сынақтары, қозғалыс бұзылыстары бар балалардың негізгі моторика дағдыларын бағалауға көмектесетін моторлық функцияларды дамыту шкаласы (GMFM)).

- эмоциялық күй мен әлеуметтік дамуды бағалау әдістері (сурет тестілері «Үй-Ағаш-Адам», «Адам», баланың эмоционалдық мәселелерін, мазасыздығын және өзін-өзі бағалауын диагностикалау үшін қолданылады, проективтік әдіс «Темплердің мазасыздық тесті», баланың мазасыздық деңгейін бағалайды, әлеуметтік даму рейтингі шкаласы (CPCP), ол баланың әлеуметтену деңгейін, топтағы өзара әрекеттесу қабілетін, бірлескен ойындарға қатысуын бағалауға мүмкіндік береді);

- танымдық процестерді диагностикалау әдістері (Ж. Пиаже әдісі логикалық және көрнекі-әрекеттік ойлау деңгейін бағалау үшін, Д.Б. Эльконин - В.В. Давыдов әдісі ұғымдық ойлау мен баланың операциялық әрекеттерін бағалау үшін, көру- қозғалыс координациясына арналған тесттер, қабылдау мен моториканың интеграциясын бағалауға мүмкіндік береді);

- мектеп жасына дейінгі балаларды кешенді диагностикалау әдістері («Кешенді даму бағалау» әдісі, мектепке дайындықты диагностикалау картасы, оған баланың мектепте оқуға зияткерлік, эмоциялық және әлеуметтік дайындығына арналған түрлі тесттер кіреді);

- мінез-құлық пен бейімделуді диагностикалау әдістері (А.Л. Венгер-О-

сипова мінез-құлықты бағалау шкаласы, мінез-құлық мәселелерін, баланың ұжымға бейімделуін, басқа балалармен қарым-қатынас жасауға дайындығын диагностикалау үшін қолданылады, Т. Амендт әдісі өзін-өзі реттеу деңгейін бағалау үшін, ол мінез-құлық қиындықтарын, өзін-өзі бақылау деңгейін, эмоцияларды басқару қабілетін анықтауға көмектеседі);

- және басқа да әдістер.

Өртүрлі әдістерді қолдану мамандарға баланың даму деңгейін негізгі салаларда (танымдық, сөйлеу, моторлық, әлеуметтік-эмоциялық) бағалауға, оның ерекше білім беру қажеттіліктерін және қиындықтарының себептерін анықтауға, білім беру мақсаттарын белгілеуге және анықталған қиындықтарды жеңуге бағытталған жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын (ППҚ ЖБ) әзірлеуге мүмкіндік береді.

4) Мамандар баланы диагностикалау нәтижелерін қорытындылап, оларды мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық отырысында ұсынады. Отырыс барысында баланың мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын сәтті меңгеруіне кедергі келтіруі мүмкін жеке даму ерекшеліктері талқыланады. Талқылау барысында баланы қолдау үшін қажетті арнайы жағдайлар анықталып, психологиялық-педагогикалық қолдауға жауапты маман тағайындалады.

Жауапты маман баланың дамуындағы нақты қиындықтарға байланысты тағайындалады. Мысалы, егер балада сөйлеу саласында айқын мәселелер болса, бұл бұзылыстарды түзету үшін логопед тағайындалады. Егер негізгі мәселе әлеуметтік және эмоциялық салаға қатысты болса, жауапкершілікті психолог өз мойнына алады. Ал танымдық саладағы қиындықтар туындаса, жауапты маман ретінде арнайы педагог немесе, оның болмауы жағдайында, психолог белгіленеді.

5) Психологиялық-педагогикалық отырыстан кейін жасалған қорытындылар негізінде жауапты маман жеке психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын (ППҚ ЖБ) әзірлейді.

ППҚ ЖБ әзірлеу процесі мыналарды қамтиды:

- отырыс нәтижелерін талдау. Жауапты маман отырыс қорытындыларын, соның ішінде баланың дамуындағы анықталған мәселелер мен басқа қатысушылардың ұсыныстарын мұқият зерттейді;

- мамандар тобын құру. Егер балада кешенді қиындықтар болса, жауапты маман мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарын жұмысқа тартады;

- ППҚ ЖБ мазмұнын анықтау. Әріптестермен бірлесе отырып, ППҚ ЖБ әзірленеді, онда мақсаттар, міндеттер, жұмыс әдістері және баланы оқыту мен дамыту бойынша нақты ұсыныстар көрсетіледі.

ППҚ ЖБ үлгісі 2 қосымшада көрсетілген.

6) ППҚ ЖБ жасалғаннан кейін жауапты маман ата-аналармен кездесу өткізіп, бағдарламаның мазмұнын егжей-тегжейлі түсіндіреді және олардың қатысуының маңыздылығын атап көрсетеді. Ата-аналарға баланы

қалай қолдап, бағдарламаны жүзеге асыруға белсенді қатысуға болатыны жөнінде ұсыныстар беріледі.

7) Ата-аналармен келісілгеннен кейін ППҚ ЖБ барлық қолдау қатысушыларына қол қоюға беріледі, бұл олардың бағдарламаның мазмұнымен келісетінін және бірлескен жұмысқа дайын екенін растайды. Ата-аналардың қолы да маңызды элемент болып табылады, өйткені ол олардың хабардарлығы мен білім беру процесіне тартылуын куәландырады.

8) Барлық қолдар жиналғаннан кейін ППҚ ЖБ бекіту үшін мектепке дейінгі ұйымның басшысына беріледі. Басшы бағдарламаның жалпы мақсаттар мен міндеттерге, сондай-ақ оны жүзеге асыру үшін қолжетімді ресурстарға сәйкестігін бағалайды. Бекітілгеннен кейін ППҚ ЖБ ресми құжат мәртебесіне ие болады және ерекше білім беру қажеттіліктері бар баламен жұмыс істеудің негізгі бағытын айқындайды.

9) Мамандар ПП ЖБ мазмұнына сәйкес оны жүзеге асыруға кіріседі. Бұл үдеріс бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды:

- Алдын ала нақты жоспар жасалып, қажетті материалдар мен жабдықтар таңдалып, бала үшін жайлы және қауіпсіз орта құрылады.

ППҚ ЖБ баланың күн тәртібі мен жеке қажеттіліктерін ескеріп, артық жүктемені болдырмау және жайлы ырғақты сақтай отырып белгіленген кестеге сай жүзеге асырады.

- Қажет болған жағдайда ұйымдастырылған іс-әрекет жеке түрде өткізіледі, бұл баланың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

- Кейбір жағдайларда ұйымдастырылған іс-әрекет топпен өткізіледі, бұл әлеуметтенуге, коммуникативтік дағдылардың дамуына және құрдастарымен өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

- Мамандар баланың қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі түзету және дамыту әдістерді қолданады. Мысалы:

- а) балалардың танымдық, моторлық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған ойын әдістері. Жаңа білім меңгеруге көмектесетін дидактикалық ойындар, үйлесімділік пен физикалық белсенділікті дамытатын қимылды ойындар, сондай-ақ есте сақтау, назар аудару және ойлауды дамытатын үстел және логикалық ойындар. Ойын әдістері оқу процесін қызықтырақ етеді, баланың алаңдаушылығын төмендетуге көмектеседі және оны жаңа дағдыларды меңгеруге тартуға ықпал етеді.

- б) эмоционалды кедергілерді жоюға және сенімді атмосфера қалыптастыруға, шығармашылық көріністі дамытуға ықпал ететін (сурет салу, мүсіндеу, музыка, қимыл-қозғалыс) арт-терапия әдістері. Көркем материалдармен жұмыс ұсақ моториканы және қиялды дамытуға ықпал етеді, ал музыкалық ырғақ қимыл үйлестіруді және эмоционалды мәнерлілікті, ырғақ сезімін жақсартуға көмектеседі. Арт-терапия сондай-ақ баланың психологиялық жағдайын диагностикалауда қолданылады, бұл жасырын

сезімдерді анықтап, эмоционалды дамуды түзетуге мүмкіндік береді.

в) әлеуметтік рөлдерді меңгеруге, коммуникативтік дағдылар мен эмоциялық интеллектті дамытуға көмектесетін рөлдік модельдеу әдістері дамуға бағытталған арнайы әдістер:

Құрамында сюжеттік-рөлдік ойындар, өмірлік жағдайларды имитациялау («дүкен», «аурухана», «балабақша»), ертегілер мен театрландырылған қойылымдар, сондай-ақ баланың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделген мәселелік сценарийлерді ойнау. Бұл әдістер балаға әлеуметтік рөлдерді меңгеруге, ұжымда бейімделуге, құрдастарымен өзара әрекеттесуді үйренуге және басқа адамдардың эмоцияларын түсінуге мүмкіндік береді.

г) дамытуға бағытталған арнайы әдістер:

танымдық дағды: есте сақтауды, назар аударуды, сөзбен ойлауды, сенсорлық қабылдауды және жаңа материалды меңгеру үшін қажетті басқа танымдық процестерді жақсартуға бағытталған.

сөйлеу дағдылары: дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту, сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру, тілдік құрылымдарды түсіну және ойды жеткізу қабілетін дамыту.

әлеуметтік дағдылар: ұжымда өзара әрекеттесуді, қарым-қатынас ережелерін, байланыс орнату, ұжымдық жұмыс істеу және қақтығыс жағдайларды шешу қабілетін дамыту.

эмоционалдық аймақтар: өзін-өзі реттеу, эмоциялық интеллектті, өз сезімін білдіру, және басқа адамдардың эмоцияларын түсіну дағдыларын дамыту.

ірі моторика: қимылдардың жалпы үйлесімділігін, тепе-теңдікті, шеберлікті, күшті және кеңістікте өз денесін басқару қабілетін дамыту (жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, тепе-теңдікті сақтау).

ұсақ моторика: қимылдардың үйлесімділігін, ұсақ заттармен жұмыс істеу дағдыларын, қолды жазуға дайындау, тактильді қабылдауды дамыту.

оқу дағдылары: базалық дағдыларды қалыптастыру - назар аударуды шоғырландыру, нұсқауларды тыңдау және түсіну, әрекеттерді жоспарлау, оқу материалын табысты меңгеру үшін өзіндік ұйымдастыру және тапсырмаларды өз бетінше орындау.

10) Мамандар мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбие мен оқыту және дамытуға тікелей қатысатын тәрбиешілермен және педагогтермен өзара әрекеттеседі:

- тәрбиешілер білім беру процесін ұйымдастырып, баланың дамуына ықпал ететін қолдау көрсететін ортаны жасайды. Олар баланың жетістіктері мен қиындықтары туралы маңызды ақпаратты мамандарға күнделікті бақылап, жеткізіп отырады;

- қазақ тілі педагогі ППҚ ЖБ ұсынымдарына сәйкес белсенді жұмыс істейді, егер бала тіл үйренуде қосымша қолдауды қажет етсе. Ол тіл үйре-

нуді жеңілдету және тілдік қабілеттілікті арттыру үшін бейімделген әдістемелерді қолданады;

- дене шынықтыру нұсқаушысы ұйымдастырылған іс-ірекетке моторикалық дағдыларды дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар мен ойын әдістемелерін енгізеді және оларды бала мүмкіндіктеріне сәйкес ППҚ ЖБ-ға сәйкес бейімдейді;

- музыка жетекшісі баланың есту қабілетін, ырғақ сезімін және эмоционалдық саласын дамыту үшін жеке тәсілдерді қолданады. Музыка дағдыларды қалыптастыру үшін тиімді құрал бола және қолдау бағдарламасын органикалық түрде толықтыра алады.

Ұсынылған ППҚ ЖБ үлгісінде (Қосымша 2) бала дамуының жеке картасы жеке бөлім ретінде енгізілген. Бала дамуының жеке картасы ППҚ құрылымына қосу міндетті емес, бірақ баланың даму процесін жан-жақты бақылауға, оның жетістіктерін тіркеуге және ықтимал қиындықтарды уақытылы анықтауға мүмкіндік беретіндіктен ұсынылады. Осы жағдайда мамандар мен тәрбиешілердің іс-әрекеттерінің келісімділігі ерекше маңызды болып табылады. Мұндай тәсіл келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді:

- ағымдағы бақылаулар негізінде бағдарламаға жедел түзетулер енгізу, дамудағы артта қалушылықты немесе қиындықтардың тереңдеуін болдырмау;

- іс-шараларды баланың нақты қажеттіліктеріне икемді бейімдеу;

- психолого-педагогикалық қолдаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

- ата-аналармен тығыз өзара әрекеттесуді қолдау, оларды баланың прогресі туралы хабардар ету және қосымша қолдау көрсету бойынша ұсыныстар беру.

Егер ППҚ бала дамуының жеке картасы қосылса, тәрбиеші оны толтырып, негізгі құжатқа тіркейді. Жұмыстың ыңғайлылығы үшін күнделікті іс-әрекетте қолданылатын екінші дананы рәсімдеу ұсынылады. Баланың дамуы туралы өзекті деректерді көрсету үшін ППҚ ЖБ-ға тіркелген негізгі дананы үнемі жаңарту маңызды.

Мамандар мен педагогтар арасындағы ақпарат алмасу күнделікті жұмыс барысында, сондай-ақ, бала дамуының динамикасын талқылау, бақылаулармен бөлісу және одан әрі қолдау бойынша ұсыныстар енгізу үшін бірлескен кездесулерде жүзеге асырылуы мүмкін.

11) аралық бақылау кезеңінде (Қаңтар) мамандар баланы қайта диагностика жүргізіп, оның жетістіктерін бағалайды. Олар нәтижелердегі өзгерістерді талдап, жетістіктер мен проблемалы аясын анықтайды. Алынған деректер негізінде ППҚ ЖБ мазмұнына түзетулер енгізіледі. Егер оң өзгерістер байқалса, бағдарлама баланың жаңа мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді. Ал егер қиындықтар сақталса, оларды жоюға бағытталған қосымша шаралар әзірленеді. Мысалы, егер қыркүйек айында бала:

- сурет салу және құрастыру тапсырмаларын орындай отырып, ұсақ

моторикасын дамытуда жетістіктерге жетсе, аралық бақылау кезінде оған күрделірек тапсырмалар (конструкторлармен жұмыс істеу немесе көлемді бұйымдар жасау) ұсынылады. Егер балада әлі де қиындықтар болса, мысалы, қайшыны сенімді пайдалана алмаса, мамандар моторикасын дамытуға бағытталған қосымша сабақтар енгізеді;

- топтық ойындарға белсенді қатысып, бірақ аралық бақылау кезінде құрдастарымен қарым-қатынасқа қызығушылық танытпаса, мамандар білім беру шарттарын өзгерте алады. Олар әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған рөлдік ойындарға қатысуды ұсынуы мүмкін. Егер мәселе шешілмесе, қарым-қатынастан қашудың себептерін анықтау үшін психологтың жұмысы қажет болуы мүмкін;

- бірнеше әріпті ажырата алса (мектепалды топ), аралық бақылауда мамандар оған қарапайым сөздерді оқуды және белгілі бір әріптері бар сөздерді таңдауды ұсына алады. Егер бала әлі де әріптерді таңдау кезінде қиындықтарға тап болса, мамандар тапсырмаларды бейімдеп, көрнекі материалдарды (суреттері мен әріптері бар карточкалар) пайдалануы мүмкін;

- қарапайым арифметикалық операцияларды меңгеруде жетістіктер көрсетсе, аралық бақылауда оған логикалық тапсырмалармен байланысты күрделірек есептер ұсынылады. Егер балада қиындықтар болса, мамандар базалық математикалық түсініктерді бекіту үшін көрнекі материалдар мен ойын әдістерін пайдаланады;

- өз сөздік қорын белсенді түрде кеңейте бастаса, аралық бақылауда мамандар оған сөздік қорын кеңейтуге және грамматиканы дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынады. Егер бала сөйлем құрауда қиындықтарға тап болса, мамандар оны сөйлеу тәжірибесіне белсендірек тарту үшін қосымша ойын жаттығуларын енгізуі мүмкін.

12) Мамандар ППҚ ЖБ жүзеге асыруды аралық бақылау нәтижелеріне сүйене отырып бастайды. Бұл үдерісте олар түзетілген мақсаттарға жету үшін жаңа тәсілдер мен әдістерді бейімдейді.

13) Түзетілген тапсырмаларды орындағаннан кейін мамандар мониторингті жалғастырады, жаңа әдістердің баланың дамуына әсерін бағалайды. Аралық тесттер мен бақылаулар жетістіктер мен қиындықтарды анықтауға көмектеседі. Егер әдістер тиімді болса, олар бекітіледі, ал кері жағдайда қосымша өзгерістер енгізіледі. Мысалы, егер 2-4 апталық жұмыс нәтижесінде бала әріптерді танып, қарапайым сөздерді оқи бастаса, бұл оң динамиканы көрсетеді.

14) Мамандар тұрақты түрде тәрбиешілер мен ата-аналармен өзара әрекеттесіп, баланың жетістіктері мен қиындықтары туралы хабардар етеді, сондай-ақ оларды қосымша ұсыныстармен қамтамасыз етеді.

15) оқу жылының соңында (Мамыр) баланың физикалық, коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік және эмоциялық дамуының қорытынды бағалауы жүргізіледі. Мамандар бақылау нәтижелерін және орындалған тапсы-

рмаларды талдап, жетістіктер мен қиындықтарды ППҚ ЖБ-ға тіркейді. Алынған нәтижелер ППҚ ЖБ-да белгіленген мақсаттармен салыстырылып, оның тиімділігі бағаланады. Мысалы, егер тапсырма қарапайым сөйлемдерді құрастыру дағдыларын қалыптастыру болса және бала осы міндетті сәтті орындаса, бұл мақсаттың жеткенін көрсетеді. Егер бала дыбыстық талдау жасауды меңгерген болса, бірақ жекелеген дыбыстарды, мысалы, [с] және [з] немесе [р] және [л] дыбыстарын айтуда қиындықтар туындаса, бұл келесі оқу жылында қосымша жұмыс қажет болатын аймақ ретінде көрсетіледі.

16) Қорытынды бағалау негізінде мамандар баланың дамуындағы қиындықтар сақталған салаларда қолдау көрсету үшін нақты ұсыныстар мен іс-шаралар әзірлейді. Бұл қосымша ұйымдастырылған іс-әрекеттер, ойындар және арнайы жаттығуларды қамтуы мүмкін. Мысалы, логопед бала сөйлеу дағдыларында күтілетін нәтижелерге жеткенін, бірақ танымдық салада қиындықтар туындағанын байқаса, бағдарламаға ес, зейін және ойлау қабілетін дамытуға арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттер енгізілуі мүмкін.

17) Мамандар ата-аналармен кездесу өткізіп, қорытынды бағалау нәтижелерін, баланың жетістіктері мен мүмкін болатын қиындықтарын талқылайды. Олар үйде жұмыс істеу бойынша ұсыныстар береді және келесі оқу жылына арналған жоспарлармен бөліседі. Мысалы, ата-аналарға баланың зейіні мен жадысын дамытуға арналған ойындар, сондай-ақ сөйлеу дағдыларын қолдаудың тәсілдері ұсынылуы мүмкін, мысалы, кітап оқу және оқылғанды талқылау.

Осылайша, қолдаудың екінші деңгейінде ППҚ ЖБ әзірлеу және енгізу мүмкіндігі шектеулі баланың даму динамикасын үнемі қадағалауға және оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін арнайы жағдайлар жасауға бағытталған. Мамандар бақылаулар мен диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, іс-шараларды жоспарлайды және оларды оң нәтижеге жету үшін қажет болған жағдайда бейімдейді. Баланың даму динамикасы, оның қиындықтары мен жетістіктері туралы деректерді үнемі жаңартып отыру маңызды. Бұл жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес қолдау көрсету үдерісін икемді түрде реттеуге мүмкіндік береді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған ППҚ ЖБ-ны тиімді әзірлеу және іске асыру үшін бұл құжаттағы жазбалардың дәлдігі мен дұрыстығы аса маңызды. Олар мамандар мен педагогтарға әр баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруге және олардың оңтайлы дамуына ықпал ететін іс-шараларды әзірлеуге көмектеседі. Әрбір жазба негізделген шешімдер қабылдауда және жеке даму мақсаттарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. ППҚ ЖБ-дағы ақпаратты дұрыс тіркеу – баланың қажеттіліктеріне бейімделген және тиімді қолдауды қамтамасыз етудің кепілі, бұл оның білім беру үдерісіне толыққанды интеграциялануына ықпал етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың ППҚ ЖБ толтыру бойынша ұсынымдар 3 Қосымшада берілген. Олар психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының озық тәжірибесін жинақтау, сондай-ақ Алматы қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бағдарламаны тестілеу барысында алынған практикалық жағдайларды талдау негізінде әзірленді. Бұл зерттеуді 2024 жылы АИБД ҰҒПО мектепке дейінгі арнайы және инклюзивті білім беру зертханасының қызметкерлері жүргізді.

7. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ҰСЫНЫМДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҮШІНШІ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОЛДАУДЫҢ ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАСЫН БЕЙІМДЕУ ТӘРТІБІ

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың үшінші деңгейі ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау жүйесінде маңызды рөл атқарады. Бұл деңгейде ПМПК мамандары кәсіби қолдау көрсетеді, бұл негізгі шаралар күтілетін нәтижелерді бермеген жағдайда білікті және негізделген араласуға мүмкіндік береді. МДҰ үшін бұл әсіресе маңызды, өйткені қиындықтарды уақтылы анықтау және шешу баланың сәтті дамуына ғана емес, сонымен қатар ортақ мақсатқа жету мүддесінде білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Бұл деңгейдегі жұмыс диагностика мен проблемаларды анықтауға, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың қажеттіліктерін кешенді талдауға негізделген жеке ұсыныстар әзірлеуге бағытталған.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымы негізінде МДҰ мамандарының үшінші деңгейдегі қолдау бойынша жұмыс процедурасы келесі қадамдарды қамтиды:

1) Егер оқытуда тұрақты қиындықтар байқалса немесе олар күшейсе, МДҰ мамандары баланы ПМПК-да тереңдетілген тексеруден өткізу қажеттілігін талқылайды.

2) Тексеруді жүргізбес бұрын баланың ата-анасының келісімін алу қажет. Тексерудің мақсаттары мен маңыздылығы, сондай-ақ оның баланың оқуы мен дамуына қалай әсер ететіні туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды.

3) Мамандар бала туралы қажетті мәліметтерді жинайды, соның ішінде:

- алдыңғы диагностика нәтижелері (психологиялық, педагогикалық, медициналық);

- баланың оқу жетістіктері мен қиындықтары туралы бақылаулар мен есептер;

- баланың әлеуметтік-эмоционалдық жағдайы туралы деректер.

Бұл ақпарат ПМПК-ға баланың ерекшеліктері мен оның білім беру қажеттіліктері туралы толық түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

4) Қажетті құжаттар жиналғаннан кейін мамандар баланы тексеруге жолдаманы рәсімдейді, оны МДҰ басшысы ресми түрде бекітіп, қол қоюы қажет. Бұл құжат МДҰ-ның баланы психологиялық-педагогикалық қолдау аясында ынтымақтастыққа дайын екенін растайды және баланың жай-күйін бағалау мен қосымша қолдау шараларының қажеттілігін анықтау бойынша мамандардың кешенді жұмысының қорытындысы болып табылады.

5) Белгіленген күні ПМПК мамандары баланың жағдайын кешенді бағалауға және оқыту мен дамудағы қиындықтардың себептерін анықтауға бағытталған тереңдетілген тексеру жүргізеді. Бұл процесс бірнеше кезеңнен тұруы мүмкін:

- медициналық тексеру – баланың дамуына әсер етуі мүмкін физиологиялық факторларды (неврологиялық, соматикалық аурулар немесе сенсорлық бұзылулар) анықтау үшін жүргізіледі. Бұл тексеру қиындықтардың себебі болуы мүмкін ауруларды анықтауға немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді;

- психологиялық тестілеу – баланың танымдық функцияларының деңгейін (қабылдау, ойлау, ес, назар) және эмоционалдық жағдайын бағалау үшін жүзеге асырылады. Бұл психикалық дамудың тежелуі немесе оқыту мен қолдау бағдарламасын түзетуді қажет ететін басқа да ерекшеліктер бар-жоғын анықтауға көмектеседі;

- педагогикалық диагностика – баланың тәрбие мен оқыту дағдыларын, оқытуға дайындығының деңгейін, тәрбие мен оқыту үлгілік оқу бағдарлама материалын түсінуін, сондай-ақ назар аудару қабілетін және тапсырмаларды орындау мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған. Ол білім беру қызметіндегі күшті және әлсіз жақтарды анықтауға және оларды түзету жолдарын белгілеуге көмектеседі.

Сапалы бағалау жүргізу үшін баланың жеке қажеттіліктеріне байланысты әртүрлі мамандар тартылуы мүмкін: психологтар, арнайы педагогтар, логопедтер, сондай-ақ қажет болған жағдайда медициналық мамандар мен педагогтар. Бұл пәнаралық өзара әрекеттестік баланың жай-күйі туралы толық түсінік қалыптастыруға және әрі қарай қолдау үшін негізделген ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

6) Тексеру аяқталғаннан кейін ПМПК мамандары алынған деректерді нақты талдап, баланың даму ерекшеліктерін бағалайды және қиындықтардың себептерін анықтайды. Бұл талдау медициналық, психологиялық және педагогикалық тексерулердің нәтижелерін біріктіруді қамтиды, баланың жай-күйі мен оның білім беру қажеттіліктері туралы толық көрініс жасауға мүмкіндік береді. Кешенді бағалау негізінде мамандар анықталған қиын-

дықтарды түзетуге және білім беру процесін оңтайландыруға бағытталған ұсыныстар әзірлейді.

Ұсыныстар келесі аспектілерді қамтуы мүмкін:

- түзету және қолдау әдістері, баланың қиындықтарды жеңу үшін қажетті нақты көмек түрлері көрсетіледі. Сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету үшін логопедпен, психологпен эмоционалды және мінез-құлықтық мәселелерімен (мысалы, алаңдаушылық, агрессия, әлеуметтену қиындықтары), танымдық дағдыларымен, сенсорлық интеграциямен немесе дамуы тежелген, сондай-ақ, егер баланың есту, көру немесе басқа сезімдік функцияларында бұзылыстар болса, арнайы педагогпен түзету шаралары өткізіледі.

- баланың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында бағдарламаны қайта қарауды көздейтін білім беру бағытын өзгертуге қатысты ұсыныстар. Бұл жалпы бағдарламаны меңгеруге қиындықтар туындаған жағдайда жеке қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу бағдарламасын бейімдеу, арнайы жағдайлар жасау, мысалы, визуалды және тактильді материалдарды қолдану, көмекші технологияларды (аудио-нұсқаулықтар немесе бейімделген дидактикалық құралдар) пайдалану, сондай-ақ артық жүктемені болдырмау үшін ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығын қысқарту болуы мүмкін.

- баланың әлеуметтендірудің табысты болуын ықпал ететін жайлы және қауіпсіз психологиялық орта құру жөніндегі ұсыныстарды қамтитын әлеуметтік-эмоциялық қолдау бойынша ұсыныстар. Бұл тәрбиешілер мен педагогтардың топта инклюзивті атмосфераны қалыптастыру бойынша жұмыс, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға көмек көрсету, топта өзара әрекеттесу дағдыларын және қақтығыстарды шешу дағдыларын дамыту, сондай-ақ стрессті және алаңдаушылықты төмендету үшін эмоцияны реттеу әдістерін қолдану.

- баланың күшті жақтарын дамытуға және қиындықтарды жеңуге ықпал ететін іс-шаралар мен еркін қызметті ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар. Бұл ұсақ моториканы дамытуға бағытталған шығармашылық іс-әрекеттер, сурет салу, мүсіндеу, музыка, қимылды ойындар, сондай-ақ шағын топтарда дербес ойындар, бұл қолайлы және жайлы ортада коммуникативтік және танымдық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

7) ПМПК ұсыныстары негізінде МДҰ мамандары ППҚ ЖБ-сын жаңартады. Бұл бағдарлама жаңа деректер мен ұсыныстарды ескере отырып бейімделеді, осылайша баланы білім беру процесінде барынша тиімді қолдау қамтамасыз етіледі. Жаңартылған ППҚ ЖБ:

- Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған нақты мақсаттарды анықтайды. Бұл мақсаттар тексеру нәтижелеріне негізделіп, баланың академиялық және психикалық дамуына қатысты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттерді қамтиды. Мақсаттар нақты, шынайы, қолжетімді және мүмкіндігі шектеулі балаға даму деңгейіне сәйкес болуы тиіс;

- Киындықтарды түзету мен баланы дамытуға бағытталған нақты іс-шаралар мен әрекеттерді белгілейді. Бұл логопед, арнайы педагог немесе психологпен арнайы түзетуші іс-әрекет, педагог-ассистенттің қолдауы, сондай-ақ арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдануды қамтуы мүмкін;

- Іс-шараларды жүзеге асырудың нақты жоспарын жасайды, онда олардың тұрақтылығы мен ұзақтығы көрсетіледі. Кестеде сабақтар мен басқа да іс-шараларды өткізу тәртібі мен уақыт аралығы белгіленеді.

8) Мамандар жаңартылған ППҚ ЖБ аясындағы іс-шараларды жүзеге асыруға кіріседі, олар екінші деңгейлі қолдау әдістері мен ПМПК ұсыныстарына сүйенеді. Әрбір іс-шара баланың дамуына қолайлы жағдай жасауға және оның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы түзету іс-әрекет процесін бейімдеуге бағытталған.

Логопедпен, психологпен, арнайы педагогпен және басқа да мамандармен тұрақты арнайы түзету іс-әрекеттер баланың күн тәртібіне енгізіледі, бұл оған қиындықтарды жеңуге және қойылған мақсаттарға біртіндеп қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Үздіксіз қолдау тек тәрбие мен оқытуды және арнайы түзету іс-әрекеттер ғана емес, сонымен қатар баланың өзін қауіпсіз және сенімді сезінуін қамтамасыз ететін эмоционалды қолайлы орта қалыптастыруды да қамтиды. Мамандар стресстік факторларды азайту, баланың уәждемесін қолдау және оның жетістіктерін мадақтау бойынша жұмыс жүргізеді.

9) Процесс барысында мамандар ата-аналармен тұрақты байланыста болады. Олар бағдарламаның іске асырылу барысы туралы хабардар етеді, кеңес беріп, үй жағдайында баламен өзара әрекеттесу бойынша ұсыныстар береді, туындаған мәселелерді талқылап, оларды бірлесіп шешудің жолдарын қарастырады.

10) Мамандар ППҚ ЖБ-ның орындалуын тұрақты түрде бақылайды. Белгілі бір уақыт аралығында баланың дамуы бағаланып, оның жетістіктері мен қажеттіліктері талданады. Егер баланың дамуында өзгерістер байқалса немесе жаңа қиындықтар туындаса, мамандар бағдарламаға тиісті түзетулер енгізеді.

11) Егер бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қиындықтар азаймаса, қосымша ұсыныстар алу және баланы оқытуға жеке көзқарасты қайта қарау мақсатында ПМПК-ға қайта жүгіну жүргізіледі.

Осылайша, үшінші деңгейлі психологиялық-педагогикалық қолдау жүйелі түрде жоғары деңгейдегі үйлестіруді талап етеді, оған барлық қатысушылар, соның ішінде ата-аналар да белсенді араласуы қажет. Бұл процесіте ПМПК-ның ұсынымдарын ескеру ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы кешенді қолдауға және оны қолдайтын білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша жеке бағдарламаларын (ППҚ ЖБ) әзірлеу және жүзеге асыру, түзету-педагогикалық қолдаудың сапасын арттыруда ерекше рөл атқаратынын атап өткен жөн. Бұл бағдарлама 2022 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №6 бұйрығымен бекітілген нормативтік талаптарға сәйкестікті ықпал етеді және соңғы онжылдықта АИБД ҰҒПО жинақтаған ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік жұмысқа негізделеді.

ППҚ ЖБ әзірлеу ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы тәрбие мен оқытуды оңтайлы жағдайларын жасауға, оларды әлеуметтендіру және дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның маңызды компоненттерінің бірі – ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, түзету-дамыту жұмыстары және баланың дамуын бақылау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын табысты меңгеруіне ықпал етеді. ППҚ ЖБ тиімді іске асыру үшін мамандардың, педагогтер мен ата-аналардың үйлесімді өзара әрекеттесуі, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі күш-жігерді үйлестіруді талап етеді.

ППҚ ЖБ іске асыру тәсілі қолдаудың үш деңгейлі жүйесіне негізделеді. Бірінші (базалық) деңгей тәрбиешілер арқылы жүзеге асырылады және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Екінші (мақсатты) деңгей туындаған қиындықтарды шешу үшін қосымша қолдау қажет болған жағдайларда жүзеге асырылады және мамандардың қатысуын қарастырады. Үшінші (үйлестіру) деңгей тәрбие мен оқыту үшін қажетті жағдайларды жасау мақсатында қосымша ресурстарды тарту қажеттілігі туындаған кезде қолданылады. Мұндай кешенді және икемді тәсіл түзету-педагогикалық қолдау сапасын арттыруды қамтамасыз ете отырып, ППҚ ЖБ тиімді енгізуге ықпал етеді.

Бұл әдістемелік ұсыныстарды мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен мамандарының күнделікті тәжірибесінде қолдану, ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір бала үшін білім беру ресурстарына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін жайлы орта құруға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательном детском саду. Часть 1. Ситуационный анализ состояния коррекционно-педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных общеобразовательных организациях Республики Казахстан: Метод. рекомендации. / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 48 с.
2. Об утверждении Правил психолого-педагогического сопровождения в организациях дошкольного, среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, дополнительного образования: Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2022 года №6 (с дополнениями и изменениями)
3. Организационно-методические основы педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования: Метод. рекомендации / Коржова Г.М., Вишневская Т.А., Баймуратова А.Т., Завалишина О.В. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2020. – 68 с.
4. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: Метод. рекомендации / Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2019. – 68 с.
5. Методическое обеспечение деятельности дошкольных организаций образования (в том числе в условиях инклюзивного образования): Метод. рекомендации / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 53 с.
6. Об утверждении Перечня документов, обязательных для ведения педагогами организаций дошкольного воспитания и обучения, среднего, специального, дополнительного, технического и профессионального, послесреднего образования, и их формы: Приказ Министерства образования и науки Республики Казахстан от 6 апреля 2020 года №130.
7. Педагогическая диагностика (альтернативная оценка) детей с задержкой психического развития в детском саду: Метод. рекомендации / Баймуратова А.Т., Досбол П.Б. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 70 с.
- 1.8. Методические рекомендации для проведения мониторинга по усвоению содержания типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения / Институт раннего развития. – Астана, 2023. – 58 с. // https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2023/1801_rus_monitoring.pdf

9. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями педагогом-ассистентом в организациях образования: Метод. рекомендации / Егорова Е.В., Аханова Ж.Б., Култаев Д.Х. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 52 с.

10. Взаимодействие службы психолого-педагогического сопровождения с родителями в условиях развития инклюзивных практик: Метод. рекомендации / Егорова Е.В., Сергеева Н.В., Култаев Д.Х. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 62 с.

11. Организационно-методические основы деятельности психолого-медико-педагогических консультаций: Метод. рекомендации / Ерсарина А.К., Ержолова Е.А. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 81 с.

12. Организация деятельности психолого-медико-педагогических консультаций в системе инклюзивного образования: Метод. рекомендации / Ерсарина А.К. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2020 – 38 с.

БАЛА ДАМУЫНЫҢ ЖЕКЕ КАРТАСЫН ТОЛТЫРУДЫҢ ҮЛГІСІ

Психикалық дамуы тежелген (4 жастағы бала)

Құзырет-тіліктер	Бастапқы бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (қазан-желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (ақпан-сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (маусым-шілде)	Қорытынды
Физикалық қасиеттер	-Үйлестіру қабілетін дамытуға арналған доппен ойындар -Ұсақ моториканы жақсартуға арналған саусақ ойындары	Жеке физикалық белсенділік ұйымдастырылған іс-әрекеттер (секіру, жүгіру)	Спорттық ойынға дайындық	Физикалық даму деңгейі күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді, үйлестіру қабілетінің жақсаруы байқалады.
Коммуникативтік дағдылар	- Сөйлеу тілін дамыту дағдыларын дамытуға арналған арт-терапия (мүсіндеу, сурет салу) - Тәрбиешімен бірге рөлдік-сюжеттік ойындар	- Сөйлеу тілін дамытуға арналған суреттер мен карточкаларды қолдану арқылы ойындар - Суреттер негізінде әңгіме құруға арналған арнайы түзетуші іс-әрекет	Балалармен дайындалған қуыршақ театрында қатысу.	Сөйлеу тілі дамуының деңгейі күтілетін нәтижеден төмен, логопедпен қосымша жұмыс қажет.
Танымдық және зияткерлік дағдылар	-Заттарды түсімен пішініне қарай сұрыптауға арналған ойындар - Қоршаған әлеммен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекет	Логикалық ойлауды дамытуға арналған ойындар (пазлдар, үстел ойындары)	Танымдық дағдылар бойынша қорытынды диагностика жүргізу, өткен тақырыптар бойынша қорытынды шығару	Танымдық даму деңгейі бағдарламаға сәйкес, ұйымдастырылған іс-әрекет барысында қосымша қолдау қажет.
Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі	Түрлі материалдарды пайдалана отырып сурет салу және аппликация жасау ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұжымдық шығармашылық жобаларға қатысу (гербарий жасау)	Шығармашылық жұмыстар көрмесі, ортақ мерекелермен іс-шараларға қатысу	Шығармашылық белсенділік деңгейі күтілетін нәтижелерге сәйкес келеді, көркемдік қызметке қызығушылық байқалады.

Әлеуметтік-эмоциялық дағдылар	Әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған ойындар (ойыншықтармен алмасу, бірлескен ойындар)	Қақтығыстарды шешу және басқа балалардың пікірін тыңдап, қабылдау қабілетін дамытуға арналған топтық түзетуші іс-әрекет	Балалармен бұрын қиындық туғызған ойындарға бірге қатысу	Әлеуметтік-эмоциялық дағдылар Әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған ойындар (ойыншықтармен алмасу, бірлескен ойындар) Қақтығыстарды шешу және басқа балалардың пікірін тыңдап, қабылдау қабілетін дамытуға арналған топтық түзетуші іс-әрекет Балалармен бұрын қиындық туғызған ойындарға бірге қатысу
-------------------------------	---	---	--	---

Жалпы қорытынды: Баланың даму деңгейі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының күтілетін нәтижелерінің көпшілігіне сәйкес келеді, дегенмен кейбір салаларда қосымша жұмысты қажет ететін қиындықтар байқалады. Атап айтқанда, коммуникативтік дағдылар мен әлеуметтік өзара әрекеттестік, сондай-ақ танымдық дағдылар саласында дамытуды қолдау қажет.

Ұсынымдар:

Физикалық қасиеттер: Физикалық белсенділік бойынша жеке ұйымдастырылған іс-әрекетті жалғастыру, үйлестіру мен ұсақ моториканы жақсарту үшін доппен және саусақ ойындарын пайдалану, түрлі физикалық белсенділікті енгізу, мысалы, жүгіру және секіру.

Коммуникативтік дағдылар: Сөйлеуді дамыту дағдыларын түзету үшін логопедпен тұрақты жұмыс жүргізу ұсынылады, сөйлеу белсенділігін ынталандыру және сөздік қорын дамыту үшін арт-терапия мен рөлдік-сюжеттік ойындарды қолдану.

Танымдық және зияткерлік дағдылар: Логикалық ойлауды дамытуға бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жалғастыру, оның ішінде пазлдар мен үстел ойындары. Тәрбие мен оқытуда қосымша қолдау көрсету, оны ойын әрекеттері мен практикалық тапсырмалар арқылы ұйымдастыру маңызды.

Шығармашылық дағдылар және зерттеу қызметі: Сурет салу мен аппликация жасау үшін түрлі материалдарды көбірек қолдану ұсынылады. Ұжымдық іс-шаралар мен көрмелерге қатысуды жалғастыру.

Әлеуметтік-эмоциялық дағдылар: Әлеуметтік дағдыларды дамыту және қақтығыстарды шешу үшін топтық ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастыру, баланың қарым-қатынас және өзара түсіністік дағдыларын нығайту үшін бірлескен ойындарға қатысуын ынталандыру.

БАЛА ДАМУЫНЫҢ ЖЕКЕ КАРТАСЫН ТОЛТЫРУДЫҢ ҮЛГІСІ

II деңгейдегі жалпы сөйлеу тілінің дамуы (3 жас)

Құзырет-тіліктер	Бастапқы бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (қазан-желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (ақпан-сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (маусым-шілде)	Қорытынды
Физикалық қасиеттер	Ашық ауада серуендеу, доппен кимыл-қозғалыс ойындары	Үйлестіруді дамытуға арналған ойындар (мысалы, «Нысанаға дәл тигіз»)	Командалық ойындарға қатысу	Физикалық дамуы жасына сәйкес келеді, белсенділікті арттыру қажет
Коммуникативтік дағдылар	Тәрбиешімен қарым-қатынас жасау үшін ым-ишара және мимиканы пайдалану	Қарапайым сөйлемдерді қолдану және тәрбиешінің сөздерін қайталау	Жаңа сөздерді бекіту үшін «Суретті ата» ойыны	Сөйлеу дағдыларының дамуы байқалады, сөздік қорын толықтыру бойынша жұмыс қажет
Танымдық және зияткерлік дағдылар	Түстер мен пішіндермен ойындар (заттарды сұрыптау)	Қарапайым жұмбақтарды шешу және ойын тапсырмаларына қатысу	Қарапайым пазлдарды құрастыру және зейінге арналған тапсырмаларды орындау	Бала ақпаратты жақсырақ қабылдай бастады, зейінге қатысты қосымша жұмыс қажет
Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі	Ермексаздан мүсіндеу және қарапайым пішіндерді салу	Ұжымдық шығармашылық ұйымдастырылған іс-әрекет (мысалы, қағаздан қолөнер жасау)	Балалар жұмыстарының көрмесіне қатысу	Шығармашылық сабақтарға қызығушылық бар, қиялының дамуы байқалады
Әлеуметтік-эмоциялық дағдылар	Басқа балалармен ойындарға қатысу, бірлескен ойын ережелерімен танысу	Рөлдік ойындар (мысалы, «Отбасы» ойыны), кейіпкерлердің эмоцияларын талқылау	Ынтымақтастық дағдыларын дамыту үшін топтық ойындарға қатысу	Бала басқа балалармен сенімдірек қарым-қатынас жасай бастады, бірақ эмоцияларды түсінуде кейде қиындықтар байқалады

Жалпы қорытынды: Баланың даму деңгейі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелердің көпшілігіне сәйкес келеді. Алайда, кейбір дағдыларда қиындықтар байқалады, бұл қосымша шараларды қажет етеді.

Ұсынымдар:

Физикалық қасиеттер: Баланың физикалық дағдыларын жақсарту үшін әртүрлі қимыл-қозғалыс белсенділіктерін енгізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдылар: Сөздік қорды дамыту және баланы белсенді қарым-қатынасқа ынталандыру қажет, бұл оның ым-ишарадан сөздік формаға көшуіне көмектеседі.

Танымдық және интеллектуалдық дағдылар: Назар аудару және қабылдау дағдыларын қарапайым тапсырмалар арқылы одан әрі дамыту маңызды.

Шығармашылық дағдылар: Ұйымдастырылған іс-әрекетте түрлі материалдар мен техникаларды пайдалану ұсынылады, бұл қиялдың дамуына және өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсету қабілетіне оң әсер етеді.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар: Баланың өз сезімдері мен айналасындағылардың эмоцияларын жақсы түсінуі және олармен тиімді қарым-қатынас жасауы үшін эмоцияларды талқылау бойынша жұмыстар жүргізу ұсынылады.

ҮЛГІ

ППК шешімімен қабылданды
ҚМҚК № _____
« ____ » _____ 202 ____ ж.

БЕКІТЕМІН
ҚМҚК № _____ меңгерушісі
« ____ » _____ 202 ____ ж.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ
ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Баланың аты-жөні

20 ____ -- 20 ____ оқу жылы

1. Бала туралы жалпы мәліметтер

Аты –жөні _____

Туған күні: _____

Баланың мекен-жайы: _____

Балабақшаға келген күні: _____

Келу тобы: ерте жастағы, бөбекжай, кіші, орта, үлкен (керегінің астын сызу керек)

Анасының аты-жөні: _____

Анасының ұялы телефон нөмірі: _____

Әкесінің аты-жөні: _____

Әкесінің ұялы телефон нөмірі: _____

Ата-аналарды баланың дамуы және тәрбие мен оқуында не алаңдатады:

Күні көрсетілген ПМПК ұсынымдары (бар болған жағдайда):

Арнайы педагог (логопед) Т.А.Ә.: _____

Арнайы педагог (дефектолог) Т.А.Ә.: _____

Психологтың Т.А.Ә.: _____

Педагог-ассистенттің Т.А.Ә.: _____

Тәрбиешінің Т.А.Ә.: _____

Тәрбие және оқыту нысаны: топта, құрамдастырылған топта, арнайы топта (керегінің астын сызу керек).

2. Баланың ерекше білім беру қажеттіліктері

Ерекше білім беру қажеттіліктері	Қажеттіліктерді қанағаттандырудың арнайы шарттары
1. Оқу жоспарын өзгерту	1) қажет емес 2) қажет
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының өзгерту	1) қажет емес 2) қажет а) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бейімделген (қысқартылған) бағдарламасы (МЖМС бағдарланған)
3. Жетістіктерді бағалау тәсілдерін өзгерту	1) қажет емес 2) қажет а) Нұсқаулықты оңайлату, оны кезеңмен тұжырымдау б) Тапсырманы орындау нұсқауларын қайталау в) Тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт беру г) Қысқартылған немесе жеке бағдарламаның мақсатты және мазмұнды компоненттеріне сәйкес диагностикалық тапсырмаларды жекелендіру д) Диагностикалық тапсырмалар санын қысқарту е) Көрнекі үлгілерді мен иллюстрацияларды, қызметтің тірек сызбаларын қамтитын қосымша визуалды қолдауды пайдалану ж) Басқалар, баланың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып (сипаттаңыз)
4. Оқыту әдістері	1) қажет емес 2) қажет а) Тапсырмаға нұсқаулықты оңайлату, оны кезең-кезеңімен тұжырымдау б) Нұсқаулықты ұсыну қарқынын ұзақ үзілістермен және кілт сөздерді қайталаумен өзгерту в) Ым-шара, графикалық таңбалар, ауызша нұсқаулықты толықтыруға арналған суреттерді пайдалану г) Қосымша визуалды қолдау көрсету, мысалы, алгоритмдер, пиктограммалар, әрекет схемалары д) Күрделілік деңгейін сақтау кезінде тапсырмалар көлемін қысқарту (жұмыс қарқыны баяу, шаршау деңгейі жоғары балалар үшін) е) Тапсырмалардың күрделілік деңгейін өзгерту (мысалы, бала 5-ке дейін санайды, ал басқа балалар 10-ға дейін есеп шығарады) ж) Тапсырмаларды дараландыру (мысалы, балаға «Қандай сан көрсетілсе, сонша шеңберді боя» тапсырмасы беріледі, ал қалған балалар мысалды шығарады) з) Ынталандыру материалдарын даралау (мысалы, бала тапсырманы жұмыс дәптеріндегі суреттерде емес, тапсырманың жағдайын бейнелейтін көлемді заттардың ұқсас суреттерінде шеше алады) и) баланың қажеттіліктерін ескере отырып басқа тәсілдер (сипаттау)
5. Дамытушы ойындар мен ойыншықтарды, жұмыс дәптерлерін, дидактикалық	1) қажет емес 2) қажет а) Көру қабілеті зақымдалған балалар үшін: бедерлі-графикалық құралдар, муляждар, макеттер, көлемді нысандар; көру қабілеті бұзылған балаларға арналған материалдарға қойылатын талаптарға жау-

құралдарды рiк-теу, жеке оқу материалдарын дайындау	ап беретiн көркемдiк көрнекiлiктер; б) Есту қабiлетi зақымдалған балалар үшiн: материалды түсiнудi жеңiлететiн рәмiздер (Ым-ишарамен сөйлеу), суреттердi, сызбаларды, алгоритмдердi пайдаланатын дидактикалық материал в) Тiрек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар балалар үшiн: iрi көрнекi материал, арнайы ойыншықтар; г) Зияты зақымдалған, сондай-ақ психикалық дамуы тежелген балалар үшiн: жеке бағдарламаның мазмұнына бағдарланған оқу және дидактикалық материалды арнайы iрiктеу д) Басқалар, баланың ерекше қажеттiлiктерiн ескере отырып (сипаттаңыз)
6. Кедергiсiз орта құру және оқу орнын бейiмдеу	1) қажет емес 2) қажет а) Тiрек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшiн: пандустар, кеңейтiлген есiк жақтаулары, есiк төсенiштерiн жою, көтергiш құрылғылар, арнайы жабдықталған санитариялық-гигиеналық топ бөлмелерiнде; арнайы жиһаз және т.б.; жүрiп өту мүмкiндiгiмен жұмыс орнына ыңғайлы жолдар; баланың кеңiстiкте барынша қолайлы жағдайын және қозғалысты жүзеге асыру мүмкiндiгiн қамтамасыз ететiн орын б) Көру қабiлетi зақымдалған балалар үшiн: бағыттаушы сүйенiштер, тактильдiк бағдарлар, қалдық көретiн балаларға арналған көру бағдарлары және т.б.; бала тәрбиешiнi және тақтаны жақсы көретiн жұмыс орны, мысалы, орта қатардағы немесе терезе жанындағы бiрiншi парта; жарық қаупi болған жағдайда - терезеге қарама-қарсы қатардағы бiрiншi парта в) Есту қабiлетi зақымдалған балалар үшiн: бiрiншi парта (терезе немесе тәрбиешiнiң үстелi маңында), бала тәрбиешiнiң бет-бейнесiн жақсы көруi үшiн; баланың басқа балалардың сөзiн тыңдап, көру мүмкiндiгiмен айналуы үшiн жеткiлiктi кеңiстiк ұйымдастыру г) Мiнез-құлық ерекшелiктерi бар балалар үшiн: гиперактивтi балаларға арналған бiрiншi парта және алаңдамау үшiн терезеге қарама-қарсы болуы д) Басқалар, баланың ерекше қажеттiлiктерiн ескере отырып (сипаттаңыз)
7. Техникалық құралдарға қажеттiлiк	1) қажет емес 2) қажет: - Баланың қажеттiлiктерiне сәйкес жеке компенсаторлық және техникалық құралдарды нақты көрсету (Балалар жеке компенсаторлық, техникалық және көмекшi құралдармен белгiленген тәртiппен, мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымдарының жабдықтарымен қамтамасыз етiледi)
8. Арнайы психологиялық-педагогикалық көмек:	
- Логопедтiң көмегi	1) қажет емес 2) қажет (негiзгi мiндеттердi көрсету)
- Психологтың көмегi	1) қажет емес 2) қажет (негiзгi мiндеттердi көрсету)

- Арнайы педагог-тың көмегі	1) қажет емес 2) қажет (негізгі міндеттерді көрсету)
9. Педагог-ассистенттің көмегі	1) қажет емес 2) қажет (функцияларды және көмек деңгейін көрсету)
10.Әлеуметтік-педагогикалық көмек	1. Қажет емес 2. Қажет (негізгі міндеттерді көрсету)

3. Баланың жиынтық сипаттамасы

Оқыту мен дамытудағы қиындықтар (баланың даму процесінде кездесетін негізгі қиындықтар, нақты аспектілері, мысалы, ерекше назар аударуды және қолдауды талап ететін салаларды анықтау үшін коммуникативтік дағдылар, моторика немесе бейімделу дағдылары): _____

Күшті жақтары, мүдделері, қызығушылықтары (баланың жеке күшті жақтары, оның қабілеттері мен жетістіктері, дамудың оң аспектілері, баланың сәтті дамуы мүмкін болатын салалар): _____

Психологиялық (эмоциялық, мінез-құлықтық) ерекшеліктері (баланың мінез-құлқы мен эмоциялық саласының ерекшеліктері, мысалы, әлеуметтік дағдылар, эмоционалдық тұрақтылық, қоршаған ортаның түрлі ынталандыруларына сезімталдық): _____

4. Тәрбиешілерге ұсыныстар

1. _____

5. Ата-аналарға ұсыныстар

1. _____

6. Жеке оқу жоспары

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің түрлері	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарлама	Қысқартылған оқу бағдарламасы (МЖМС -ға бағдарланған)	Жеке бағдарлама (МЖМС бағдарланбаған)
Физикалық даму	Дене тәрбиесі			
	Жүзу (бассейн болған жағдайда))			
Коммуникативтік дағдылар	Сөйлеуді дамыту			
	Көркем әдебиет			
	Сауат ашу негіздері			
	Қазақ/орыс тілі			
Танымдық және зияткерлік дағдылар	Сенсорика			
	Математика негіздері			
	Құрастыру			
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті	Сурет салу			
	Мүсіндеу			
	Құрастыру			
	Музыка			
Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар	Қоршаған әлеммен таныстыру			

Ескертпе: баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекетке сәйкес келетін оқу бағдарламаларының түрлері «+» белгісімен белгіленеді)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бойынша мүмкіндігі шектеулі бала жалпы білім беретін материалды табысты игеріп алатын жағдайларда ұсынылады.

Бейімделген (қысқартылған) бағдарлама мүмкіндігі шектеулі баланың қажеттіліктері мен қабілеттерін ескереді, бірақ әлі де жалпы білім беру стандарттарына негізделген.

Жеке бағдарлама жалпы білім беру стандарттарымен байланысты емес, жеке қажеттіліктерді, қабілеттерді және даму ерекшеліктерін ескере отырып, мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы әзірленген.

7. Қысқартылған/жеке бағдарлама (керегінің астын сызыңыз)

№	Даму дағдыларының параграфтар және оның тармақтары	Максаты - күтілетін нәтижелер	Жетістіктер белгісі (+, -) пікірлер
1	§1. Физикалық даму		
	п.		
	п.		
2	§2. Коммуникативтік дағдылар		
	п.		
3	§3. Танымдық және зияткерлік дағдылар		
	п.		
4	§4. Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті		
	п.		
5	§5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар		
	п.		

Одан әрі оқытуға арналған ұсынымдар (бағдарлама мазмұнын іске асыру, оқыту қиындықтарын шешу нәтижелері бойынша) (ұсыныстарды бөліп көрсету):

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бойынша оқытуды жалғастыру
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бойынша оқытуды жеке тәсілмен жалғастыру
- жеке тәсілмен бейімделген (қысқартылған) бағдарлама бойынша оқуды жалғастыру
- басқа

8. Бала дамуының жеке картасы (тәрбиеші толтырады)

Құзыреттіліктер	Бастапқы бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (казан-желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (ақпан-сәуір)	Қорытынды бақылау нәтижесіндегі іс-шаралар (дамытушы, түзету) (маусым-шілде)	Қорытынды (Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі)
Физикалық даму				
Коммуникативтік дағдылар				
Танымдық және зияткерлік дағдылар				
Шығармашылық дағдылар, зерттеу іс-әрекеті				
Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар				

9. Мамандардың жұмыс кестесі

Маман	Аптадағы жеке түзетуші іс-әрекеттің өткізу жиілігі	«Аптадағы шағын топтық түзетуші іс-әрекеттің саны»

10. Мамандардың Ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы

Logoped:

Жеке. шағын топтық іс-әрекет	Жұмыс бағыты	Мақсаты - күтілетін нәтижелер	Жетістіктер белгісі (+, -) пікірлер	Ескерту (пікірлер)

Психолог:

Жеке. шағын топтық іс-әрекет	Жұмыс бағыты	Мақсаты - күтілетін нәтижелер	Жетістіктер белгісі (+, -) пікірлер	Ескерту (пікірлер)

Арнайы педагог:

Жеке. шағын топтық іс-әрекет	Жұмыс бағыты	Мақсаты - күтілетін нәтижелер	Жетістіктер белгісі (+, -) пікірлер	Ескерту (пікірлер)

ҚОРЫТЫНДЫ

баланың жетістіктері мен қиындықтары туралы

Логопед:

Психолог:

Арнайы педагог:

Психолог

Т.А.Ә., қолы

Логопед

Т.А.Ә. қолы

Арнайы педагог

Т.А.Ә., қолы

Ата аналар:

Т.А.Ә., қолы

Күні

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАНЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҮШІН
ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМА ТОЛТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР**

Әрбір даму саласындағы дағдыларды сипаттау үшін стандартты үлгілерді пайдалану (1-кесте).

1-кесте - Дағдыларды сипаттауға арналған үлгі

	Дағды	Ағымдағы қиындықтар	Ұсынымдар
Физикалық даму	- ірі моториканың сипаттамасы (мысалы, жүру, жүгіру, секіру, қимылды үйлестіру); - ұсақ моториканың сипаттамасы (мысалы, қарындаш ұстау, қайшыны пайдалану, ұсақ заттарды манипуляциялау); - төзімділік және күш (мысалы, бала шаршасыз дене белсенділігіне қанша уақыт қатыса алады)	- үйлестіру проблемалары (мысалы, жиі құлайды, қарапайым қозғалыстарды орындай алмайды); - ұсақ заттарды манипуляциялаудағы қиындықтар (мысалы, пазлды жинай алмайды немесе түймелерді түймеле алмайды); - шектеулі төзімділік (мысалы, жүгіру немесе секіру кезінде тез шаршайды)	- ірі/ұсақ моториканы нығайтуға арналған жаттығулардың түрлері; - дене белсенділігін қолдау (мысалы, дамытушы ойыншықтарды пайдалану, нұсқаулықтармен жаттығуларды орындау)
Коммуникативті	- ауызша сөйлеуді сипаттау (мысалы, сөйлем құру қабілеті, дыбыстарды айту); - сөйлеу түсінігін сипаттау (мысалы, қарапайым нұсқаулықтарды орындау, сұрақтарға реакция); - вербалды емес коммуникация (мысалы, қимылды пайдалану, эмоцияны білдіру үшін мимика (бет қимылы))	- шектеулі сөздік қор (мысалы, бала жеке сөздерді ғана қолданады, сөйлем құра алмайды); - сөйлеуді қабылдау проблемалары (мысалы, бала күрделі нұсқаулықтарды түсінбейді); - вербалды емес қиындықтар (мысалы, сөйлесу кезінде ым-ишара немесе мимика (бет қимылы) болмауы)	- сөздік қорын кеңейтуге арналған жаттығулар (мысалы, карточкалармен ойындар, жаңа сөздерді қайталау); - сөйлеуді түсінуді дамытуға арналған іс-әрекеттер (мысалы, қадамдық нұсқаулықтар, ишараттармен көрнекі кеңестерді белсенді пайдалану)
Танымдық	- назар аудару және шоғырлану деңгейін сипаттау (мысалы, баланың тапсырмаға қаншалықты көп көңіл бөлуі мүмкін);	- Назар аудару проблемалары (мысалы, тез алаңдайды, тапсырмаларға назар аудара алмайды); - міндеттерді шешудегі қиындықтар (мысалы,	- есте сақтау дамыту ойындар (мысалы, жүйелілікті қайталауға арналған ойындар, бейнелері бар карточкаларды пайдалану);

	- міндеттерді шешу қабілеті (мысалы, бала жасына байланысты тапсырмаларды орындай ала ма, логикалық міндеттерді орындай ала ма); - жадының сипаттамасы (мысалы, бала ақпаратты қаншалықты жақсы есте сақтайды, қарапайым нұсқаулықтарды ойната ала ма)	- объектілер арасындағы қисынды байланыстарды түсінбейді, заттарды сұрыптауға қиындық туғызады) - есте сақтаудың бұзылуы (мысалы, іс-әрекеттердің реттілігін есте сақтамайды, нұсқаулықтарды ұсына алмайды)	- логикалық ойлауды дамытуға арналған жаттығулар (мысалы, пәндерді сұрыптауға арналған міндеттер, логикаға арналған ойындар)
Ш ы ғ а р - машылық	- шығармашылық іс-әрекетке қатысу (мысалы, сурет салу, мүсіндеу, музыкалық іс-әрекет); - қабілетті шығармашылық арқылы білдіру (мысалы, бала өз бетінше бірдеңе сала алады, өзінің эмоциясын сурет арқылы білдіреді); - қиял және фантазия (мысалы, тарихты ойлап табады, рөлдік ойындарға қатысады)	- шығармашылық іс-әрекетке шектеулі белсенділік (мысалы, бала сурет салуға қызығушылық танытпайды, ұжымдық шығармашылық ойындарға қатыспайды); - шығармашылық арқылы көрсету проблемалары (мысалы, сурет салу үшін тақырыпты таңдай алмайды, ойында қиялды пайдаланбайды)	- шығармашылық жұмыстарға әртүрлі материалдар ұсыну (мысалы, бояулар, саз балшық, музыкалық аспаптар) ұсыну. - қиялды дамытуға арналған ойындар (мысалы, рөлдік ойындар, суреттер бойынша әңгімелер құру)
Әлеуметтік- эмоциялық	- балалармен және ересектермен өзара әрекеттесу қабілеті (мысалы, бірлескен ойындарға қатысады, тәрбиешілермен диалогты қолдайды); - эмоцияларды реттеу (мысалы, бала стресстік жағдайларда өзінің эмоцияларын бақылай алады); - көңіл-күй мен эмоциялық күйді сипаттау (мысалы, бала қаншалықты жиі қуаныш, қайғы, алаңдаушылық білдіреді)	- әлеуметтендіру проблемалары (мысалы, балалармен қарым-қатынастан қашады, ойындарға қатысудан бас тартады). - эмоцияларды басқарудағы қиындықтар (мысалы, жиі эмоциялық тұтанулар, агрессия); - тұрақсыз эмоционалдық күй (мысалы, бала жиі алаңдаушылық білдіреді, себепсіз жылайды)	- өзара әрекеттесу жақсартуға арналған әлеуметтік ойындар (мысалы, командалық жұмыс ойындары, рөлдік ойындар); - эмоцияларды реттеуге арналған жаттығулар (мысалы, тыныс алу жаттығулары, бала тыныштана алатын «эмоциялар бұрышын» құру)

1-кестемен қалай жұмыс істеу керек?

а) Баланың дамудың әрбір саласындағы негізгі дағдыларын сипаттаңыз. Ол үшін кестедегі үлгілерді пайдаланыңыз, мысалы, физикалық даму үшін: ірі моториканы (жүру, жүгіру) және ұсақ моториканы (ұсақ заттарды манипуляциялау) сипаттаңыз.

Мысал: «Бала жүре алады және жүгіре алады, бірақ секіруде қиындықтарға ұшырайды».

б) Кестеде баланың даму саласында туындауы мүмкін ықтимал қиындықтар көрсетілген. Сіздің міндетіңіз - осы қиындықтарды анықтау және сипаттау. Мысалы, коммуникативтік дағдылар үшін: «Бала шектеулі сөздік қорын пайдаланады, сөйлемдер жасамайды».

в) Әрбір анықталған қиындық үшін ұсынымдары бар бағанды толтырыңыз. Кесте дайын түзету әдістерін ұсынады. Мысалы, танымдық дағдылар үшін, егер назар аударуда проблемалар болса: «Бірізділікті қайта-лауға арналған ойындарды және бейнелері бар карточкаларды пайдалану ұсынылады».

Кестемен жұмыс істеу үлгі:

Дағдылар		Ағымдағы қиындықтар	Ұсынымдар
Коммуникативті	- бала қарапайым сөз тіркестерін құрастырады, нұсқауларды түсінеді	- шектеулі сөздік қорын пайдаланады, сұрақ қоймайды	- сөздік қорын кеңейту және сұрақтар арқылы диалогқа түсу қабілетін дамыту үшін карточкалармен ойындар ойнау

2) Нақтылаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін баланың дамуын сипаттаудың бірыңғай тәсілін пайдаланыңыз (2-кесте).

2-кесте - Өртүрлі дәрежедегі нақтыланған жағдайлардың мысалдары

Даму салалары	Нақтылаудың төмен деңгейі	Нақтылаудың орташа деңгейі	Нақтылаудың жоғары деңгейі
Ұсақ моторика	«Баланың ұсақ моторикасында қиындықтар бар». Бұл тым жалпы сипаттама және қандай нақты әрекеттердің қиын екенін және проблемалардың қаншалықты күрделі екенін көрсетпейді. Бұл тым жалпы сипаттама, нақты қандай әрекеттердің қиын екенін және проблема қаншалықты күрделі екенін көрсетпейді.	«Бала ұсақ заттармен жұмыс істеуде, қарындаш пен қайшыны ұстауда қиналады». Сипаттама қиындықтар туындайтын негізгі дағдыларды анықтайды, бірақ түзету жұмыстарындағы қиындық немесе табыстылық дәрежесі сияқты мәліметтерді ашпайды	«Бала ұсақ моторикаға байланысты әрекеттерді орындауда айтарлықтай қиындықтарға тап болады: қарындашты ұстау қиынға соғады, сурет салу кезінде қысымды бақылауды бұзады, қайшыны дұрыс ұстамайды және қағазды тура кесе алмайды. Моториканы дамыту бойынша іс-әрекет кезінде жаксартулар байқалмайды. Ұсақ заттармен (кубиктер, мозаика) ойнау кезінде міндеттерді орындау үшін ересектерден қосымша көмекті талап етеді. Екі қолды үйлестіруді талап ететін әрекеттерді орындау кезінде қиыншылықтар ерекше байқалады «. Бұл сипаттама проблеманың сипатын, динамикасын, контекстін және міндеттерді орындаудың күрделілігіне әсер ететін ықтимал факторларды көрсетеді. Бұл нақтылау деңгейі тиімдірек түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.
Сөйлеуді дамыту	«Бала сөйлеуде қиындықтар бар». Бұл сипаттама тым жалпы және қандай қиындықтар бар екенін және олардың қаншалықты маңызды екенін білдірмейді. Ол мамандарды шатастырып, мәселе туралы анық түсінік бермейді	«Бала жеке сөздерді айтады, бірақ сөйлем құрастыруда қиналады. Грамматикамен байланысты проблемалар байқалады «. Бұл негізгі проблемаларды көрсететін неғұрлым нақты сипаттама. Дегенмен, қиындықтардың қаншалықты жиі болатыны және баланың әрекеттерге қалай жауап беретіні туралы ақпаратты қосу арқылы жаксартуға болады	«Бала жеке сөздерді, негізгі зат есімдер мен етістіктерді айтады, бірақ екі сөзден аса ұзақ сөйлемдерді айтуда қатты қиналады. Ол грамматикада қателіктер жасайды және сөздерді әрдайым үйлестіре бермейді. Логопедпен іс-әрекетте бала қарапайым сөз тіркестерін айта бастайды, бірақ оған үнемі көмек және нұсқауларды қайталау қажет. Еркін сөйлегенде ол 5-7 сөзден артық пайдаланбайды. Бұл сипаттама нақты проблемаларды қамтиды және әрекеттер жиілігін, контексті мен реакциясын көрсетеді. Нақтылаудың мұндай деңгейі мамандарға баланың дамуы мен көмектің тиімділігін жақсы түсінуге көмектеседі.

Т а н ы м д ы к даму	«Бала танымдық тапсырмаларды орындауда қиындықтары бар». Бұл сипаттама тым жалпы және нақты қандай тапсырмалар қиындықтар туғызатынын, оның қаншалықты маңызды екенін көрсетпейді	«Бала қарапайым есептерді шеше алмайды және ұйымдастырылған іс-әрекетт кезінде жиі алаңдайды». Бұл негізгі проблемаларды көрсететін нақтырақ сипаттама, бірақ қ и ы н д ы қ т а р -дың жиілігін немесе алаңдаушылықтың себептерін көрсетпейді.	«Балаға зейін мен логикалық есептерді шығару қиынға соғады, сәйкес келетін тапсырмаларды орындай алмайды, 5 минуттан кейін зейінін жоғалтады. Есте сақтау қабілетін дамыту ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде тапсырмаларды орындау үшін үнемі қолдауды қажет етеді. Кейде карточкамен ойын ойнауға қызығушылық танытады, алайда тапсырмаларды орындау кезінде жиі алаңдайды және жұмысты өз бетінше жалғастыра алмайды «. Бұл сипаттама нақты қиындықтарды, баланың көріністері реакцияларының жиілігін қамтиды, бұл мамандарға оның танымдық қабілеттерін жақсы түсінуге және одан әрі жұмысты жоспарлауға көмектеседі.
Ш ы ғ а р - машылық қа- білеттері	«Бала шығармашылық әрекетке қызығушылық танытпайды». Бұл тым жалпы мәлімдеме және оның қандай әрекеттерге және неліктен қ а т ы с п а ғ а н ы н нақты түсіндірмейді.	«Бала сурет салады, бірақ көбінесе басқалардың жұмысын көшіреді және қиял көрсетпейді «. Бұл сипаттама негізгі проблемаларды көрсетеді, бірақ белсенділік және шығармашылық деңгейін ашпайды	«Бала басқа балалардың суреттерін жиі көшіреді және шығармашылық тапсырмаларда өзін-өзі таныта алмайды. Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетт кезінде ол тек бір түсті ғана пайдаланады және пішіндермен тәжірибе жасауға тырыспайды. Ол топтық шығармашылық үдеріске қатысқанымен, оның қиялы қарапайым пішіндерде көрінеді және түпнұсқа бірегей композициялар жасау үшін қолдау қажет етеді «. Бұл сипаттама баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін мамандарға неғұрлым тиімді стратегияларды әзірлеуге көмектесетін креативтілік сипаты мен дербестік деңгейін қоса алғанда, проблемаларды нақтылайды.
Эмоционалды күй	«Бала жиі көңіл күйі болмауы». Бұл баланың қандай жағдайларда көңіл күйі болмауы және оның	«Бала қиын тапсырмаларды орындау кезінде ренжіп, жиі жылайды. Жағдай аптасына 1-2 рет	«Бала қиын тапсырма орындау кезінде көңіл күйі болмай жылайды, мысалы, зейін немесе үйлестіру орындау кезінде. Мұндай эпизодтардың жиілігі - аптасына 1-2 рет, көбінесе түскі

	мінез-құлқы мен оқуына қалай әсер ететін түсінік бермейтін сипаттама	қайталанатын». Сипаттама нақты себептер мен көріну жиілігін көрсетеді, бірақ эмоцияны басқару әдістері мен араласуға реакциялар туралы ақпарат бермейді	уақытта. Психологпен ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде бала тыныс алу жаттығулары арқылы эмоциялармен жеңуді үйренеді, алайда уақытында қолдау болмаса, қатты эмоциялық реакциялар көрсетуі жалғастырады». Сипаттама бұзылыстың себептерін, жиілігін және даму динамикасын қамтиды, сондай-ақ түзету жұмыстарының тиімділігін көрсетеді, бұл алдағы әрекеттерді жоспарлауға көмектеседі.
Балалармен өзара әрекеттесу	«Бала топта өзін дұрыс ұстамайды. Бұл сипаттама жалпы және нашар мінез-құлық қалай көрінетіні, қандай жағдайларда және қаншалықты жиі болатындығы туралы сипаттама бермейді	«Бала басқа балалармен жиі қатысады, агрессия танытады. Бірлескен ойындардан бас тартады». Бұл сипаттама негізгі мінез-құлық проблемаларын көрсетеді, бірақ олардың жиілігін, себептерін немесе қай жағдайда көрінетінін ашпайды.	«Бала ойыншықты немесе ересектің назарын ала алмаған жағдайда агрессия көрсетеді» Қатығысты жағдайлар аптасына 3-4 рет болады, негізінен топтық ойындар кезінде. Бала ортақ әрекеттен бас тартып, жалғыз ойнағанды жөн көреді. Агрессия итеру және айқайлау арқылы көрінеді. Психологпен ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде бала өз мінез-құлқын бақылауға тырысады, бірақ стресс жағдайында өзін-өзі ұстай алмай қалады. Сипаттама мінез-құлық реакцияларын, жиілігі мен түзету жұмыс нәтижелерін жан-жақты қамтиды, бұл динамиканы тиімді бағалап, әрі қарай жұмысты жоспарлауға мүмкіндік береді.

2-кестемен қалай жұмыс істеу керек?

а) Бағаланатын баланың даму жағдайын таңдаңыз. Бұл моторика, сөйлеу, таным, шығармашылық немесе эмоционалдық күй, балалармен қарым-қатынас болуы мүмкін.

б) Баланың жағдайын қандай деңгейде сипаттап отырғаның нақтылау. Жағдайдың барлық аспектілерін ескеру үшін нақтылаудың жоғары деңгейін пайдалануға тырысыңыз.

в) Егер Сіз жалпы сипаттамадан бастасаңыз (төмен деңгейдегі нақтылық), оны қалай нақтылауға болатынын ойластырыңыз. Мысалы, «Бала топта өзін дұрыс ұстамайды» дегеннің орнына, , бұл мінез-құлық

қандай жағдайларда орын алатынын және араласқан кезде бала қандай реакция білдіреді: «Бала ересектің назарын аудара алмаған жағдайда агрессия көрсетеді. Қақтығыстар аптасына 3-4 рет болады.»

г) Нақтылаудың жоғары деңгейі негізінде кестені толтырғаннан кейін жеке ұсыныстарды әзірлеуге көшуге болады.

Баланың дамуы туралы аз көлемдегі ақпаратты анықтаңыз (кесте 3).

3-кесте – Баланың дамуы туралы аз көлемдегі ақпарат

Аспектiлер	Аз көлем
Физикалық даму	- ірі және ұсақ моториканың дамыту туралы кемінде 3 ұсыныс; - баланың үйлестіру деңгейін және физикалық қабiлеттерін сипаттау (мысалы, «Бала бiр аяқпен секiре алады, бiрақ тепе-теңдiктi сақтау қиынға соғады»); - төзiмдiлiк, бұлшық ет күшi және қозғалыстарды басқарудағы мүмкiн болатын қиындықтардың болуын немесе болмауын көрсету
Сөйлеудi дамыту	- баланың сөйлеу дағдылары туралы кемінде 3 сөйлем (ауызша сөйлеу, сөйлеудi түсiну, диалог қабiлетi); - Сөйлеу қиындықтарының сипаттамасы, мысалы, дыбыстарды дұрыс айту, сөйлем құрастыру, күрделi нұсқауларды қабылдау. - Вербалды емес коммуникация құралдарын (ым-ишара, мимика) қолдану және басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас жасау мүмкiндiгi туралы нұсқау.
Танымдық қабiлеттерi	- зейiн, есте сақтау, есептердi шешу сияқты танымдық дағдыларды дамыту туралы кемінде 3 ұсыныс; - баланың жас ерекшелiктерiне сәйкес тапсырмаларды орындау қабiлетiнiң сипаттамасы, мысалы: «Бала екi қадамдық нұсқауларды орындай алады, бiрақ күрделi тiзбектердi есте сақтау қиынға соғады»; - Негiзгi танымдық процестердегi қиындықтарды көрсету (мысалы, алаңдайды, нұсқауларды есте сақтамайды, логикалық тапсырмаларды орындай алмайды).
Шығармашылық	- баланың шығармашылық ұйымдастырылған iс-әрекетке қатысу қабiлетi туралы кемінде 3 сөйлем (сурет салу, мүсiндеу, музыка); - Шығармашылық әрекеттегi белсендiлiк деңгейiн сипаттамасы (мысалы, бала сурет салу үшiн тақырыпты өз бетiнше тандайды немесе басқалардың жұмысын көшiредi). - Баланың ойын мен шығармашылықтағы қиялы мен фантазиясын көрсету (мысалы, «Бала қарапайым әнгiмелер ойлап табады, бiрақ оқиғалардың ретiн сақтауда қиындық көредi»).
Әлеуметтiк-эмоционалды даму	- баланың басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынас жасау қабiлетi туралы кемінде 3 сөйлем (мысалы, ұжымдық ойындарға қатысу, өз эмоцияларын бiлдiру қабiлетi); - Баланың эмоционалды жағдайын сипаттау (мысалы, «Бала ұзақ күту қажет болатын жағдайда тез ашуланады, бiрақ ересектiң көмегiмен тез тынышталады»). - эмоцияларды реттеудегi қиындықтарды, алаңдаушылық, агрессия немесе тұйықтықтың мүмкiн көрiнiстерiн көрсету.

Ерекше білім беру қажеттіліктері	- балаға білім беру қолдауы бойынша нақты қажеттіліктері туралы кемінде 2 сөйлем (мысалы, арнайы оқу құралдары немесе бейімделген әдістерді қолдану қажеттілігі).» «Сәтті оқу үшін қажетті шарттардың сипаттамасы (мысалы, «Балаға нұсқауларды қосымша визуалды сүйемелдеу қажет»)»
Баламен жұмыс істеуге арналған ұсыныстар	- баланың дамуына арналған нақты іс-шаралар мен әдістемелер туралы кемінде 3 сөйлем; - «Анықталған проблемаларды түзетуге көмектесетін жаттығулар, ойындар немесе арнайы әдістер түрлерінің сипаттамасы;» - ұйымдастырылған іс-әрекет кезеңділігін және күтілетін нәтижелерді көрсету

3 - кестемен қалай жұмыс істеу керек?

а) ППҚ ЖБ минималды ақпарат көлемі бойынша ұсыныстарға сәйкес толтырыңыз. Баланың дамуы туралы толық ақпаратты, негізгі дағдыларын, қиындықтарын және жетістіктерін көрсетіңіз.

б) Толық сипаттамалар жасау үшін кестедегі мысалдарды қолданыңыз. Мысалы, жалпы тұжырымдармен шектелмей («Бала дұрыс түсінбейді»), нақты қиындықтар мен әртүрлі жағдайларда көріністерді нақтылаңыз.

в) Нақты ұсыныстар жазыңыз, баланың өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытуға көмектесетін шараларды ұсыныңыз

4) Арнайы білім беру қажеттіліктерін объективті талдау үшін бағалау шкалаларын қолданыңыз (кесте 4).

Кесте 4 – Баланың дағдылары, шеберліктері, қабілеттерін бағалау мысалдары

Біліктер, дағдылар, қабілеттер	Сипаттама	Бағалау (1-5)	Мамандардың пікірлері
1. Баланың физикалық дамуының қаншалықты дамығанын және қосымша түзету шараларының қажеттілігін бағалау			
Ірі моторика (жүру, жүгіру)	Бала еркін жүре, жүгіре және тепе-теңдікті сақтай алады		Секіруді орындау кезінде үйлестіру проблемалары
Ұсақ моторика (манипуляциялар)	"Кішігірім заттармен (қарындаштар, ойыншықтар) жұмыс істей алады		Заттарды ұстауда қиындықтар
Төзімділік	Физикалық тапсырмаларды шаршамай орындай алады		Белсенді ойындар кезінде тез шаршау
2. Баланың сөйлеу дамуының деңгейін анықтап, қандай түзету шараларын қабылдау қажет екенін белгілеу (логопедпен сабақтар, сөйлеуді дамытуға арналған жаттығулар)			
Ауызша сөйлеу (сөздерді айту)	Бала сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырып, дыбыстарды айтады		Дыбыстардың дұрыс айтылмауы

Сөйлеуді түсіну	Нұсқауларды түсінеді және сұрақтарға дұрыс жауап береді		Күрделі сөз тіркестерін қабылдаудағы қиындықтар
Вербалды емес қатынас	Им-ышара, мимиканы, эмоцияларды білдіруді қолданады		Сөйлеудің орнына ым-ишараны тым көп пайдалану
3. Баланың танымдық даму деңгейін анықтап, сәйкес білім беру шараларын жоспарлау.			
Зейін және шоғырлану	Белгілі бір уақыт бойы тапсырмаға шоғындыруға қаблетті		Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде жиі алаңдайды
Міндеттерді жүзеге асыру	Жасына сәйкес тапсырмаларды шеше алады		Қарапайым логикалық тапсырмаларды орындауда қиындықтар
Есте сақтау	Нұсқауларды есте сақтайды, ақпаратты қайталайды		Әрекеттер реттілігін ұмытады
4. Шығармашылық қабілет дәрежесі мен шығармашылық әрекетке тартылу дәрежесін бағалау.			
Сурет салу және мүсіндеу	Сурет салуға және мүсіндеуге қабілетті, өз ойын шығармашылық арқылы жеткізе алады		Басқалардың жұмыстарын көшіруді жөн көреді
Музыкалық қабілеттер	Музыкаға қызығушылық танытады, қарапайым аспаптарда ойнайды		Музыкалық ұйымдастырылған іс-әрекетке ықылассыз қатысады.
Қиял мен фантазия	Әңгімелер құрастырады, ойындар үшін сюжеттер ойлап табады		Ойын бейнелерінің шектеулі санын пайдаланады
5. Баланың эмоциялық реакцияларын, қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі және эмоцияларын басқару қабілетін даму деңгейін анықтау.			
Құрдастарымен өзара әрекеттесу қабілеті	Бала бірлескен ойындарға белсене қатысады, қарым-қатынаста бастамашылдық танытады.		Топтық ойындарға қызығушылық танытпайды, жалғыз өзі болуды қалайды.
Эмоцияларды білдіру қабілеті	Эмоцияны вербалды және вербалды емес түрде білдіреді (ым-ишара, мимика арқылы)		Эмоцияларды түсіну және білдіруде қиындықтар туындайды, жиі реакцияларды шатастырады.
Стресс жағдайларында өз-өзіне бақылау	Стресс жағдайларында сабыр сақтап, эмоцияларын бақылауда ұстай алады.		Кез келген қиындықтар кезінде жиі күйзеліс пайда болады, бала көмексіз тыныштала алмайды

Эмпатия және жанашырлық	Басқаларға жанашырлық пен қамқорлық көрсетеді, құрдастарының эмоцияларына реакция білдіреді.		Басқа балалардың эмоционалды белгілеріне жауап бермейді, жанашырлық танытпайды
Ересектермен байланыс орнату қабілеті	Бала тәрбиешілермен, ата-анамен, ересектермен байланыс орната алады.		Ересектермен қарым-қатынастан аулақ болады, байланыс орнатуға ұмтылмайды.
Эмоциялық реакцияларда икемділік	Жағдайға байланысты өзінің эмоциялық реакцияларын бейімдеуге қабілетті		Реакциялар тым қатты, бала топтағы өзгерістерге нашар бейімделеді
Көңіл-күй	Бала көп жағдайда жақсы көңіл-күйде, өзара әрекеттесуге дайын		Шамадан тыс тітіркенгіштік немесе тұйықтылық, жиі күйзеліске ұшырайды

Біліктері мен дағдыларын, қабілеттерін бағалаудың критерийлері (шығармашылық қабілеттерден басқа):

1 – Толығымен жоқ немесе жас ерекшелігіне сәйкес нормадан айтарлықтай артта қалған.

2 – үлкен қиындықтармен көрінеді.

3 – ішінара қалыптасқан, тек белгілі бір жағдайларда ғана көрінеді

4 – жас ерекшелігі нормасына жақын, қосымша қолдау қажет

5 – толығымен жас ерекшелігі нормасына сәйкес келеді.

Шығармашылық қабілеттерін бағалау критерийлері:

1 – толығымен жоқ немесе өте әлсіз көрінеді.

2 – айтарлықтай қиындықтар көрінеді

3 – ішінара көрінеді, белгілі бір жағдайларда ғана байқалады

4 – дамыған, бірақ жоғары деңгейге жету үшін қосымша қолдауды қажет етеді

5 – жоғары деңгейде көрінеді, іс жүзінде жас ерекшеліктері нормасына сәйкес келеді.

4-кестемен қалай жұмыс істеу керек?

а) *«Біліктері мен дағдыларын, қабілеттерін (ағымдағы жағдайын) толығымен сипаттаңыз, баланың мінез-құлқына нақты мысалдар келтіріңіз. Мысалы: «Бала сөйлемдер құрайды, бірақ дыбыстардың айтылуы дұрыс емес».*

б) *Жағдайды шкала бойынша бағалаңыз. Мысалы: 3 сан (дағды ішінара көрінеді, бірақ түзетуді қажет етеді).*

в) Маңыздысы – баланың қиындықтары немесе жетістіктерінің себептерін түсіндіретін түсініктемелер қосу. Мысалы: «Белгілі бір дыбыстарды айтуда қиындықтар бар, түзету үшін логопедпен үнемі жұмыс жасау ұсынылады».

5) Әдістемелерді бейімдеу бойынша тұрақты семинарлар мен тренингтер өткізіңіз, онда мамандар тәжірибе мен әдістемелерді сәтті қолдану бойынша кейстермен бөлісе алады.

Тұрақты семинарлар мен тренингтер мүмкіндік береді:

- әдістерді сәтті қолданудың мысалдарын талқылауға;
- ұқсас мәселелерді шешудің әртүрлі тәсілдері туралы білу;
- әріптестерінің идеяларынан шабыт алып, оларды өз тәжірибесіне бейімдеуге.

Кейстер қамтиды:

- нақты жағдайдың сипаттамасы;
- белгілі бір әдістер немесе бағдарламаларды қолдану;
- нәтижелерді бағалау және не тиімді болғаны, ал не нәтиже бермегені туралы қорытындылар.

Семинарларда келесі мәселелер қарастырылуы мүмкін:

- бағдарламаларды қалай өзгерту, оларды қолжетімді әрі тиімді ету үшін;;

- әдістемелерді қолдану барысында балалардың жеке ерекшеліктері мен қалауларын қалай ескеру керектігін..

Семинарлар мен тренингтер әртүрлі форматтарды қамтуы мүмкін:

- сарапшылардың дәрістері мен презентациялары;
- топтық талқылаулар мен воркшоптар;
- нақты жағдайларға негізделген ұйымдастырылған іс-әрекеттер тәжірибиесі мен жаттығулар.

Мысал:

а) Семинарларды өткізу үшін айдың белгілі бір күндерін белгілеңіз, сонда мамандар өз қатысуын алдын ала жоспарлай алады.

б) Әр отырыс белгілі бір әдістемеге немесе мамандар тап болатын проблемаға арнаулы мүмкін. Мысалы, «Қарым-қатынаста қиындықтары бар балалармен жұмыс істеу әдістері».

в) Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы мамандар мен сарапшыларды тарту, дайындық сапасын арттыруға көмектеседі.

5) Мамандардың нақты ұсыныстарын тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған қарапайым әрі түсінікті қадамдар түрінде ұсыныңыз, күрделі кәсіби терминологиядан аулақ болыңыз (кесте 5).

**5-кесте - Тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған
мамандардың ұсыныстары**

Аспектiлер	Қолдануға ұсынылмайтын тапсырма тұжырымдамалары	Толық ұсыныстар
Физикалық даму	Ұсақ моториканы нығайту	Балаға күн сайын қолмен жұмыс істеуді талап ететін тапсырмалар беріңіз, мысалы, 10-15 минут бойы «пазл құрастыру» немесе «мозайка жинау». Бұл саусақ қозғалысын жақсырақ бақылауға көмектеседі.
	Қозғалыс үйлесімін дамыту	Серуендеу кезінде балаға 5-6 рет секіртпемен секіруді немесе кішкентай кедергілерден аттап өтуді ұсыныңыз. Бұл оның қозғалыс үйлесімін және қозғалыстағы сенімділігін жақсартуға көмектеседі.
Сөйлеуді дамыту	Баланың сөйлеуін дамыту	Күнде баладан оның күнделікті өміріне байланысты 3-5 сұрақ қойыңыз, мысалы, «Бүгін көңіл-күйің қалай?» немесе «Саған серуендеуде не ұнады?». Бұл оны жауап беруге ынталандырып, сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.
	Сөздік қорын кеңейту	Күні бойы балаға 3-4 жаңа карточканы көрсетіп, ондағы заттар немесе жануарлардың атауын айтып, оны қайталауын сұраңыз. Күн соңында одан есте сақтаған кемінде бір сөзді атауды сұраңыз.
Познавательное развитие	Зейін мен шоғырлануды дамыту	Күнде танертең балаға 3-5 затты жинауды ұсыныңыз (мысалы, бір түсті немесе бір пішіндегі ойыншықтар). Бұл қарапайым тапсырма оған белгілі бір тапсырмаға назар аударуға және зейінді нығайтуға көмектеседі.
	Есте сақтау қабілетін жақсартуға жұмыс	Баламен «Есте сақта және қайтала» ойынын ойнаңыз: оған 3-4 зат көрсетіңіз, содан кейін оларды алып тастап, не көргенін атауын сұраңыз. Бұл жаттығу оның қысқа мерзімді есте сақтауды дамытуға көмектеседі.
Шығармашылықты дамыту	Шығармашылық дағдыларын дамыту	Аптасына бір рет балаға сүйікті жануарын салуды немесе оны ермексازдан мүсіндеуге ұсыныңыз. Міндетті түрде оның жұмысын талқылап, 2-3 сұрақ қойыңыз, мысалы: «Қалай ойлайсың, бұл жануар қайда мекендейді?»
	Шығармашылықты ынталандыру	Балаңыздан бөлмедегі кез келген зат туралы шағын әңгіме ойлап табуын сұраңыз (мысалы, ойыншық туралы). Оған сұрақтар қою арқылы көмектесіңіз: «Бұл қандай кейіпкер?», «Ол қайда бара жатыр?». Бұл жаттығу қиялын дамытып, сюжет құру қабілетін жақсартады.
Әлеуметтік-эмоционалды даму	Баланы эмоцияларын басқаруға үйрету	Егер бала көңілсіз болса, оған «терең тыныс алу әдісін» қолдануды ұсыныңыз: мұрынмен баяу 3 рет терең тыныстап, ауызбен шығару. Бұл оның тынышталуына және эмоцияларын жақсырақ басқаруына көмектеседі.

	Басқа балалармен қарым-қатынас дағдыларын дамыту	Күнде балаңыз басқа баламен бірлескен ойын ойнауға ынталандырыңыз (мысалы, құрылыс жинағы немесе текшелер). Қиындықтар туындаса, оны ойыншықтармен бөлісуге немесе әрекеттерді кезекпен орындауды ұсыныңыз
	Әлеуметтену деңгейін арттыру	Балаңызға басқа балалармен 10-15 минут ұжымдық ойын ұйымдастырып, қарапайым тапсырмаларды, мысалы, текшеден үй салуды ұсыныңыз. Әр бала тапсырманың өз бөлігін орындайтынын түсіндіріңіз.
	Ересектермен өзара қарым-қатынасты жақсартуға ықпал ету	Күн сайын 5-10 минуттық бірлескен әрекеттерді жасаңыз, мысалы, ойыншықтарды жинау немесе тамақ дайындауға көмектесу. Әр орындаған қадамы үшін оны мадақтаңыз.
Е р е к ш е білім беру қажеттіліктері	Арнайы қолдау көрсету	Тапсырмаларды орындау үшін балаға көрнекі нұсқаулықтар ұсыну: не істеу керектігін түсінуге көмектесетін суреттер немесе карточкалар пайдалану. Мысалы, тарелке бейнеленген карточка балаға түскі асқа отыру керектігін түсінуге көмектеседі.

5 - кестемен қалай жұмыс істеу керек?

а) Баламен жұмыс істеу аспектілерін анықтау. Мысалы: физикалық дамуы.

б) Қолдануға ұсынылмайтын тұжырымдардан аулақ болыңыз. Мысалы: «Ұсақ моториканы нығайту».

в) Толық ұсыныстарды қолданыңыз. Мысалы: «Күн сайын балаға қолмен жұмыс істеуді талап ететін тапсырмалар беріңіз, мысалы, 10-15 минут бойы пазл құрастыру немесе мозайка жинау. Бұл оған саусақ қозғалысын жақсырақ бақылауға көмектеседі».

г). Екі аптадан кейін бала ұсақ моторикаға арналған тапсырмаларды жақсырақ орындай бастады ма екенің тексеруге болады.

7) жас мамандарға тәлімгерлікті ұйымдастыру, онда тәжірибелі педагогтар ППҚ ЖБ әзірлеуде қолдау көрсетіп, бағдарламаны бейімдеуге көмектесіп, тәжірибелік ұсыныстар береді.

Тәлімгерлердің жас мамандарға ұсыныстары:

- балалардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін ППС ЖБ мақсаттары мен міндеттерін анықтау;

- нақты жағдайларға ең қолайлы әдістер мен тәсілдерді таңдау;

- әр баланың ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған әс-ірекет кестелері мен жоспарларын құрастыру.

Тәжірибелі педагогтар мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген әдістемелер мен бағдарламаларды қолдану тәжірибесімен бөлісе алады. Бұл мыналарды қамтуы мүмкін:

- баланың даму деңгейіне сәйкес Ұйымдастырылған іс-әрекет мазмұны мен әдістерін түзету;

- бұрын сәтті қолданылған инновациялық тәсілдерді пайдалану;

- нәтижелерді бағалау және ППС ЖБ өзгерістер енгізу.

- тәжірибелі педагог әртүрлі әдістерді іс жүзінде қалай қолдануға болатынын көрсететін демонстрациялық Ұйымдастырылған іс-әрекеттер;

нақты жағдайларды бірлесіп талқылау, бұл жас мамандарға жұмыс барысында кездесетін қиындықтарды жақсы түсінуге және оларды шешуге көмектеседі.

Тәлімгерлік әртүрлі формада болуы мүмкін:

- өзекті мәселелерді талқылау және тәжірибе алмасу үшін тұрақты кездесулер.

- тәжірибелі педагогтар өз білімдері мен тәжірибелерімен бөлісетін семинарлар мен тренингтер;

- жас мамандарды нақты жағдайларда қолдау көрсете отырып, олардың практикалық қызметінде сүйемелдеу.

Мысал:

а) Тәжірибе алмасу құрылымын қалыптастыру үшін тұрақты кездесулер, семинарлар және бірлескен Ұйымдастырылған іс-әрекеттер қамтитын бағдарлама әзірлеңіз.

б) Тәлімгерлікке қызығушылық танытқан тәжірибелі педагогтарды анықтап, оларды осы рөлге дайындаңыз.

в) Тәлімгерлік бағдарламасын жақсарту үшін жас мамандардан тәлімгерлердің жұмысы туралы үнемі пікір жинаңыз.

Баймуратова А.Т., Самиева Г.Б
Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар
балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарлама әзірлеу
Әдістемелік нұсқаулық

Редактор А.Т. Баймуратова.
Технический редактор Д. Токтарбекова.
Компьютерная верстка А. Кabanбаев.

Формат 60x84\16. Бумага офсетная. Усл. печ. л. 4,5

ННПЦ КП 050008, г. Алматы, ул. Байзакова 273 А,
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.